

Екібастұздың кебін кимес үшін...  
2-бет



«Жол картасы» жолда қалмасын  
4-бет



Арқа ғылымының абызы  
6-бет



# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 20 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №79 (23 255)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

РЕСМИ

## Қарағанды шекарасы ұлғаяды

Алдағы уақытта Қарағанды қаласының шекарасы 281 гектарға ұлғаяуы мүмкін. Бұл гектар – Бұқар жырау ауданының бөлігі. Осылайша, Қарағанды қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасына өзгерістер енгізілмек.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»



Бұл туралы ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында жарияланған Қарағанды қаласы әкімінің қаулысы мен қалалық мәслихаттың бірлескен шешімінде жазылған. Әзірге бұл – жоба ғана. Жоба талап бойынша 23 шілдеге дейін көпшілік талқылауында.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша Қарағанды қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасына Бұқар жырау ауданы жерінің 281 гектар бөлігін қосу арқылы Қарағанды облысы Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданының әкімшілік-аумақтық шекаралары өзгертілсін», – делінген құжатта.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Бес жылға тіркеу басталды

Бұрынғы тіркелген жерінен есептен шығарылмаған, яки, белгілі шектеуге байланысты заңдастырылмаған, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен Қазақстанға әкелінген автокөлігіңіз болса, енді бес жылға уақытша тіркей аласыз. Ішкі істер министрлігі 17 шілдеден осы бағыттағы жұмысын бастады.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Азаматтарға автокөлікке байланысты туындаған заңды мәселелерді шешу нем оларды құқықтық салаға енгізуге уақыт беріліп отыр. Уақытша тіркеу үшін көлік иелері «уақытша тіркеу» тізіміне автокөліктің VIN-кодын енгізу үшін өтінішпен және жеке құжаттарымен әкімшілік полиция басқармасының процессингтік орталығына жүгінеді.

«Уақытша тіркеу» тізіміне енгізілген соң көлік иесі электронды үкімет порталы арқылы көлікті тіркеуге өтінім береді де, 10 минут ішінде автоматты түрде тексеру жүзеге асырылады.

Оң нәтиже болса, көлік иесінің жеке кабинетіне сәтті тексеру туралы және Мемлекеттік корпорация жанындағы тексеру пунктіне көлігін ұсыну қажеттігі жөнінде хабарлама жіберіледі.

Тексеру пунктінде криминалист 15 минутта көліктің нөмірлік агрегаттарын салыстырып тексереді.

Тексеру нәтижелері оң болса, көлік иесі электрондық кезек бойынша Мемлекеттік корпорация қызметкеріне автокөлікті тіркеуге құжаттарды тапсыру үшін жолданады. Онда мемлекеттік нөмір (9 660 тт) мен мемлекеттік тіркеу құжаты (4 313 тт) үшін мемлекеттік баж төлеп, көлік құралын бес жылға тіркеу, сонымен қатар, көрсетілген мерзім өткеннен кейін оны кері әкету туралы міндеттемеге қол қояды.

## Салғырттық сан соқтырады

Шілденің 14 жұлдызында Шет ауданындағы Талды елді мекенінің маңындағы Қотыртау беткейінде өрт шыққан. Өртті сөндіруге жеке құрамдағы 146 адам және 25 бірлік техника жұмылдырылды. Шіліңгір айдың аптабы мен аңыздар жеті, тау бөктеріндегі өрттің ауыздықталуына едәуір қиындық туғызуда. Тау аңғарына техника маңайлай алмайды. Өртті сөндіру амалдары адамның қос қолымен жүзеге асуда. 17 шілдеде өрт ошағына су төгер құрылғылы «МИ-80» тікұшағы тартылды. Әзірге өрт ауыздықталмады.

Шеттегі өрт жергілікті өрт сөндірушілердің арнайы жабдықпен толық жаракталмағанын, минералданған жолақтардың кемдігін айқындап берді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шет ауданындағы өртке қатысты жергілікті атқарушы органдар тарапынан қадағалауды күшейту қажеттігін қатаң тапсырып, уақыт сылдырлықты көтермейтінін ескертті. Техниканы жаңарта отырып, тілсіз жаумен күресте еріктілерді тарту қажеттігіне назар аударды.

Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов облыс аумағында 14 орман өрті тіркелгенін мәлім етті. Оның бесеуі – Қарқаралы, үшеуі – Осакаров, Бұқар жырау ауданында – екі, Қарағанды қаласында – екі, Ақтоғай және Шет аудандарында – бір өрт ошағы анықталған.

Өрт тұтануының негізгі себептеріне әдеттегідей найзағай, орман қорындағы қураған желектің оқыстан тұтануы жатқызылды. Табиғи өрт отты абайсыз өшірмей қалдырып кету, ауыл шаруашылығы техникасының ұшқын сөндіргіштерінің ақауынан болатындығын жарыса айтады көнігі мамандар. Қазіргі жауын-шашынсыз ыстық әрі желді ауаның райы табиғи өрттің оқыс көбеюіне ықпал еткен.

Жабдық көлемі жыл сайын артқанымен, аудандардың орман шаруашылықтарындағы жеке құрам қызметкерлерінің аздығы да қолбайлау болып тұр. Осыған байланысты, мүмкіндігінше Жұмыспен қамту орталықтары арқылы қызметкерлер санын жаз мезгілінде арттыруды ұсынамыз. Ұлттық парктарда өрт сөндіру құрылғыларының жеткіліксіздігі аталған кезеңде өртпен күресте «әттеген-ай» дегізіп тұр. Ал, бар құрылғының мерзімі ондаған жылға жетіп жығылған. Ескірген, тозған. Тиісті нысандар өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бермен қарай бойға қалқан болғанымен, заман талабына жауап беруден



ада. Кешенді жаңарту амалдары ауадай қажет екендігін түсінеміз. Сондықтан, аз шығынды, тез құрастырылатын модульдік ангарлар тұрғызуды ұсынамыз. Заманауи спутниктік навигация жүйесі жолға қойылмаған. Радиостанциялардың жұмысы мардымсыз, – деді Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов.

Ермағанбет Қабулаулы Шеттегі өрт тиісті қадағалаудың, минералданған жолақтардың жоқтығынан өршігенін айта келе, Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Жомарт Жылқыбаевқа сауал қойды. Өз кезегінде Жомарт Әмеңұлы таулы аумақ болған соң минералданған жолақ небәрі 48%-ға төселгенін хабарлап, орманшы өзіне тиесілі екі мың гектар жерді аралап, қадағалау қиынға соғатынын тіліне тиек

етті. Минералды жолақ – бұл жасанды түрде жасалатын өрт тосқауыл. Ол орман алаңымен шекаралас аумақтың сызықты бөлігін жанғыш материалдардан тазарту арқылы сызылады. Әдетте, бұл механикаландырылған әдіспен жүзеге асырылады.

Жыл басында мен өрт қаупінің алдын алу, жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайды жою жөнінде жергілікті бюджет түсімдері көлемінің кемінде 1%-ы мөлшерінде қаражат көздеуді тапсырдым. Бұл сома аз, бірақ өте маңызды. Қажетті техниканы сатып алыңыздар, өрт сөндірушілерді жабдықтаңыздар! Жыл соңында менің тапсырмамның қалай орындалатынын тексеремін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Ал, Нұра ауданында бір дала өрті тіркеліп, уағында ауыздықталған. 56 жану ошақтары оқшауланды. Дала жұмыстары-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

на тартылған адамдар орманды дала аумақтарындағы өрт қауіпсіздігінің негізгі шаралары бойынша нұсқау алуы керек, техника жұмысқа жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс.

Сарша тамызда өрт ошақтары көбеюі ықтимал деп топшылайды комиссия мүшелері. Өңір басшысы тілсіз жаумен күреске даярлық Нұра ауданы мен Қарағанды, Теміртау қалаларында жақсы ұйымдастырылғанын атап өтті.

Осакаров, Қарқаралы, Абай, Бұқар жырау, Ақтоғай ауданы мен Саран, Приозерск, Балқаш қалаларының әкімдіктері бұл бағыттағы жұмысты кешенді түрде жандандырудың өмірлік маңызы бар. Кезектен тыс комиссия отырысында жоспардан тыс шұғыл шаралар атқарып, қадағалауды күшейтуді қатаң тапсырды облыс әкімі.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## Шашубайдан неге шу шықты?

Ақтоғай ауданындағы іргелі кенттің бірі Шашубай ертеден-ақ бірлігі бекем елге мекен болған берекелі жұрт еді. Балқаш көлінің жағасында орын тепкен ауылда кейінгі жылдары әлеуметтік желі арқылы айрандай ұйған елдің шырың бұзылып, онлайн-петиция жариялау етек алды. Жакында Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебековке қызметін босатсын деген шашубайлықтардың атынан петиция жарияланды. Мәселенің анығын білмекке Шашубай кентіне бардық. Тіпті, аудан әкімі сол күні жұртты жинап, мәселенің мәнісін түсіндіру мақсатында кездесу өткізді.

Нұрлос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен түсінікті болу үшін петицияның мәтініне назар аударайық.

«Ақтоғай ауданына (Қарағанды облысы) Руслан Кенжебековтің әкім болып тағайындалуымен тұрғындардың мәселесі көбейді! Жарты жолда қалдырылған мәңгілік бітпейтін құрылыс нысандары, облыс әкімі мен облыс депутаттары биыл бастауға уәде еткен Ақтоғай ауданы, Шашубай ауылындағы қазандық мәселесі шешімін таппай жатыр. Оның үстіне, аудан тұрғындары 25 жылдан астам уақыт жолсыз, интернетсіз, ыстық сусыз, сапалы медициналық қызметсіз өмір сүруден шаршаған.

...Осы өтінішке қол қойған азаматтардың атынан Қазақстан Республикасының Президентінен Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебековті, Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасарлары Абылай Базылұлын, Серік Әмірәлин мен Саян Мұратұлын қызметінен босатуды сұраймыз», – делінген петиция мәтінінде.

Кездесу барысында қос тараптың, шындық іздеп шырылдаған жұрттың үнін естідік. Байқағанымыздай кенттің мәселесін алдыға тартқандар петиция жария-

ламағандарын мәлімдеді. Кездесуде сөз алған ауыл тұрғындары Желдібай Досымбеков, Темір Айтқұлов, Қордахан Түсіпбеков, Сергей Васильев, Мәкен Жұмаханова, Күләш Әбеуова, Зәуреш Қамаубева, Бейбітгүл Ербекеева, Фарид Құрышева, Қанатбек Әміров, Арай Мұхамедиева, Күләш Жаксылықовалар кентте мәселелердің барлығын, бірақ уақыт еншісінде шешіліп жатқандығын айтты.

– Осы бүгін жиналғандардың барлығы – кенттің жанашырлары. Осыдан үш жыл бұрын көптеген мәселені көтердім. Ергазы Серіков мәслихат депутаты болғалы мәселені көтеріп, біздің сөзімізді жеткізіп отыр. Ауылда өзгеріс бар. Мен шындықты айтамын. Бірқатар шаруалар атқарылып жатыр. Руслан Айткенұлы, сіздің тағайындалғаныңызға алты ай болған жоқ. Ал, сізді қызметтен алу туралы шешім қабылдап, шашубайлықтардың, халықтың атынан осылай петиция жарияланғандарға кім рұқсат берді? Осы шаруаны ұйымдастырған адам бүгін неге келмеді елші болса. Менің айтарым, біздің ауылдың атынан біреулердің сөз сөйлеуге хақысы жоқ. Мұндай қадамға барып, елді арандатып отырғандар заң аясында жазалану керек. Мен облыс басшысынан біздің жақсы жұмыс атқарып жатқан басшыларға тиіспеуін, қайта қолдау көрс-

туін сұраймын, – дейді ауыл тұрғыны Фарид Құрышева.

Әлеуметтік желіде кеңінен талқыланып жатқан петиция шындыққа жанаспайтындығын, қолдан ұйымдастырылған арандату екендігі айтылды. Шашубай кенті атынан сайланған мәслихат депутаты Ергазы Серіков бітпес-қоймас дауды шығарушыларға наразылығын білдірді.

– Мәслихат депутаты болғанымға үш айдың жүзі болды. Үш айда бірнеше мәселені көтеріп, көп жайға көз жеткіздім. Ақтоғай ауданына Шашубайдан басқа 1 кент, 14 ауылдық округ, 35 ауыл қарайды. Әр ауылда шешімін таппай жатқан мәселелер кездесіп жатады. Ал, солардың барлығына қаншама қаржы қарастырып, шешу өзекті мәселе. Кейінгі жылдары Шашубайға қолдау білдіріліп, кенттің дамуына қаржы қарастырылды. Қомақты қаржы бөлінді. Шашубайлықтарды жаманатты қылуға ұмтылған адамның ойында не бар екенін түсінбедім. Бізге жұмыс жасап жатқандардың жұмысына кедергі келтірмегені, қазіргідей қиын-қыспақ шақта рухын түсірмегені маңызды, – дейді аудандық мәслихат депутаты Ергазы Серіков.

Кездесу барысында ауыл ішіндегі алып-қашпа әңгімеден, ағайын арасындағы алауыздықтан қажыған тұрғын-

дар әкімнің жұмысына сәттілік тіледі. Ағайынды алауыз қылған бұл дау көптің ырзығына кесірін тигізбесе екен деген алаңдаушылықтарын да жеткізді.

Бүгінде ел ішінде петиция жариялау жиілей түсті. Онлайн және офлайн жарияланған петициялар атқарушы билікке нақты талап қойып, нәтижесінде біраз түйткілді мәселелер шешілгені де рас. Бірақ, шектен тыс петиция жариялай беруге болмас. Біз Ақтоғай ауданы әкіміне жазылған хаттың салдары мен сабағын саралап көрдік. Қазіргі таңда петиция жазып, қол жинау сәнге, әлде әдетке айналып бара жатқан сияқты. Демократиялық елдерде халық үнін, өтінішін, тілегін билікке жеткізудің ең тиімді, ықпалды, бейбіт те, жылдам амалы саналатын петиция біздің елде еріккеннің ермегіне айналып кететін түрі бар. Тарихымызда ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан бастап, Алаш зиялылары қол қойған «Қарқаралы петициясы» жұрт жадынан өшпек емес. Ол жерде тұтас халықтың мүддесі қорғалған еді. Ал, бүгінгі жабық аққауатты ашып, өзінің қара басын ойлағандардың ісі оң шаруа емес. Ел ішіне ірікті салушылардың петициясы алдағы күнде жауапты органдар тарапынан қаралатындығын және зерттелетіндігін айтып отыр.

Түйіндей айтқанда, петиция жазу өркениетті елдерде ол бір адам қол қойса да, мемлекет тарапынан арнайы комиссия құрылып, халық өтінішін тыңдап, тиісті нәтиже шығаруы тиіс ең мықты, ең ықпалды хат, дұрысы – халықтың өтініш саналады. Ол үшін петицияның өзі де орынды болуы тиіс.

Ақтоғай ауданы

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 499.54

•USD/KZT 444.15

•RUB/KZT 4.91

•CNY/KZT 61.93

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 шілде, 2023 жылғы дерегі бойынша



• СЕНАТОРДЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# «Мәслихат депутаттарының ұсынысы – маңызды»

Парламент Сенатының депутаты Серік Өтешов жұмыс сапарымен Қарағанды облысына келді. Сапар барысында Серік Балғатайұлы облыстық мәслихат депутаттарымен кездесіп, өңірдегі өзекті мәселелерді талқылап, халық қалаулыларының ұсыныстарын тыңдады. Индустриялық аймақтардың көбеюі, облыс тұрғындарының өмір сапасын арттыру, денсаулық сақтау мен білім беру сапасын көтеру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс саласына қатысты, жалпы қоғамда қызу талқыланып жатқан мәселелер қозғалды.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу кезінде Серік Өтешов Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының атқарған жұмыстарына тоқталды. Оның айтуынша, Сенат депутаттары бірінші сессияның өзінде сексеннен астам заң жобасын қарастырған.

– Қарастырылған заңның 25-і қабылданды. Бұлардың ішінде 10-ы депутаттардың бастама-сымен көтерілгені атап өту керек. Бұл бағытта жергілікті жерлердегі мәслихаттардың көтерген мәселелері маңызды. Себебі, олар тұрғындармен етене араласып, қоғам үшін өзекті мәселелерді жеткізе алады. Сондықтан, қабылданатын заңдар бойынша ұсыныстарыңызды тыңдауға дайынбыз, – деді Серік Өтешов.

Серік Балғатайұлының айтуынша, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңның қабылдануы мемлекет үшін де, халық үшін де маңызға ие.

– Қабылданған заң ел ішіндегі және одан тыс орналасқан заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтаруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, мұндай жағдайға себеп болған факторларды жоюға әсер етеді. Бұдан бөлек, онлайн-платформалар және онлайн-жарнама қызметін реттеуге бағытталған заңды айтуға болады. Ол да қазіргі уақытта өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қабылданған жергілікті өзін-өзі басқару мен қоғамдық бақылау туралы заңның да маңыздылығы жоғары. Депутаттар барлық саладағы мәселелерге қатысты бастама көтеруде, – деді сенатор.

Аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері



де айтылды кездесуде. Депутаттар мүмкіндікті пайдаланып, ұсыныстарын ортаға салды. Мәселен, бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова аймақтағы медицина кадрларының тапшылығын қозғайды.

– Қазір бейіндік мамандардың жеткіліксіздігі байқалады, – дейді Қадияша Базарбайқызы. – Ал, медицина институтының студенттері резидентурадан өтпей дәрігер бола алмайды. Денсаулық сақтау министрлігі енгізген оқыту стандарты бойынша дәрігер ретінде жұмысқа кірісуі үшін тоғыз жыл оқу керек. Осы уақытта кадр тапшылығы мәселесі одан әрі ұшығып кетпей ме? – деп алаңдаушылық білдірді.

Депутат бұл ретте кадр даярлау стандартын қайта қарастыру керектігін айтты.

– Алты жыл оқуды қалдырып, қысқа мерзімді даярлық курстарында үздіксіз оқыту факультеттерін қайта қалпына келтірген жөн. Одан бөлек, резидентурала

бір жыл оқыту орынды. Бұл мәселені Сенат деңгейінде қарастыруыңызды сұраймын, – деді Қадияша Оспанова.

Облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Серғазы

Егер дәл осы қылмыс түрін террорлық актілермен тең дәрежеде тану туралы заңға өзгеріс енгізбесек, балаларымыздың болашағы бұлыңғыр. Аталған қылмысқа бейжай қарау, Қазақстанның болашағына балта шабумен бірдей. Сондықтан, заңға түзету енгізуге өзіңіз бастама көтерсеңіз, – деді

Әдекенов болашағы жоқ ауылдардың «болашағына» алаңдаулы.

– Қарағанды облысында 1892 ауылдың тағдыры шешілмей келеді. Осы мәселені облыста екі жыл бойы көтеріп, облыстың экономика басқармасымен жұмыс жасап келеміз. 69 ауыл мемлекеттік бағдарламаға кіргенімен, басқалары кіре алмай отыр, – деді Серғазы Мынжасарұлы.

Депутат алаңдаушылық білдірген ауылдардың қатарында Абай ауданының Ақбастау, Нұра ауданының Заречное, Осакаров ауданының Садовое сияқты ауылдары бар. Ол ауылдарды қаржыландыру бойынша мемлекеттік тізім жасалған кезде облыс ауылдары қалып қоймаса екен деген тілегін де жеткізді.

Өз кезегінде облыстық мәслихат депутаты Меруеш Байашау бала-ларға қарсы жасалатын қылмыс жазасын қатаңдатып, оны терроризм жазасымен теңестіруді ұсынды.

– Ізгілік туралы айтқанымызбен, елімізде жас балаларды айуандықпен өлтіру көбейіп кетті.

Меруеш Байашау.

Сонымен қатар, кездесуге қатысушылар ауылдық жерлерді электрмен қамту, жолдардың сапасы, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекқабасын көтеру, елді мекендердегі инфрақұрылымды дамыту сынды мәселелерді қаузады.

Басқосу соңында облыстық мәслихат төрағасы Нүркен Қобжанов жоғары заң шығарушы орган өкілдері жергілікті жерлердегі депутаттармен бірлесіп, азаматтардың өмір сапасын жақсартуға ықпал ететін тиімді тетіктер табынына сенім білдірді.

– Қазіргі уақытта Сенаттың негізгі міндетінің бірі – аймақтардың мүддесін жеткізу. Ол үшін жергілікті тұрғындарды мазалайтын жайттарды білуіміз керек. Сондықтан, мұндай кездесулердің пайдасы зор. Біз сіздер айтқан ұсыныстарды назарда ұстаймыз, – деді Серік Өтешов.

Сенатордың жұмыс сапары облыстың бірқатар аудандарында жалғасады.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Екібастұздың кебін кимес үшін...

Дерекке сүйенсек, Шахтинск ЖЭО 75 %-ы тозған. Қазіргі уақытта нысанның жөндеу жұмыстарына мамандар жетіспегендіктен, жұмыстың жүруі кестеден кешеуілдеуі байқалып отыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен жылу орталығына келіп, атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысты.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі 10 жылда Шахтинск ЖЭО-да негізгі жабдықа күрделі жөндеу жүргізілмеген. Биыл соның үш қазандығы мен екі турбинасы жөндеуде. Мұнда екі мердігер компания жұмыс атқарып жатыр.

Атап айтсақ, №1 және №4 қазандықтар бойынша жөндеу жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. Барлық материал жеткілікті. Ал, жұмысшы қолы жетіспейтіндіктен, №3 қазандықты жөндейтін мердігер ұйым кестеден артта қалып келеді. Облыс әкімі аталған бригаданы 10 адамға дейін ұлғайтуды және жергілікті әкімдікке күн сайын жөндеу жұмыстарын бақылауды мұқият тапсырды. Ал, түгін соратын бөліктің шаптыры апаттық жағдайда тұр. Қазір конкурстық рәсімдер жүріп жатқандықтан, қыркүйек айына дейін шаптыр жөндеуді деп жоспарлануда.

Энергия нысанының жөндеу жұмысымен танысқан аймақ басшысы

өтті Ермағанбет Қабдулаұлы.

Сонымен қатар, облыс әкімі Теміртаудағы ЖЭО-2-нің де жай-күйімен танысты. Биыл металлургия қаласында жылыту маусымы жетінші қазандықсыз өтеді. Оны салу мерзімі кешіктірілуде. Әлі де құрылыс алаңында жұмысшылар жетіспейді, негізгі жабдықты орнату кешігіп жатыр.

Бұл жылу көзіндегі жөндеу жұмыстары туралы облыс әкіміне ЖЭО-2 директоры Сергей Кривов баяндады.

– Қазір үш қазандық агрегатында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. №1 қазандықты 1 тамызда пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. №4 қазандықта конденсаторларды бөлшектеу және жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бесінші қазандықта бу қыздырғыш бөлшектеледі. Екі қазандықты пайдалануға берудің жоспарланған күні – 30 қыркүйек, – деді Сергей Кривов.

Ермағанбет Қабдулаұлының айтуынша, жылыту маусымының қамысымен танысқан аймақ басшысы



Ермағанбет Бөлекпаев қала басшылығы мен ЖЭО-ға жылыту маусымына дайындық үшін әр жауапты тұлғаның дербес жауапкершілігі бар екенін мықтап еске салды.

– Қыс мезгіліне дайындық үшін қалалар мен ЖЭО басшылығы жеке жауап береді. Егер маман жетіспейтін болса, қосымша адам жалданғыздар. Қажет болса, тәулік бойы жұмыс істеміздер! Энергияны қадағалау мамандары да күн сайын жұмысты бақылап отыруы керек, – деп атап

кім оларды өз деңгейінде орындауға жауапты болуы тиіс.

– Теміртауда жылыту маусымы қалай өтетіні осы станцияға байланысты. Жоспардан артта қалып жатқандарыңыз – шындық. ЖЭО директоры мен «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы моральдық және заңды тұрғыда жауапты. Сіздер теміртаулықтарды тұрақты жылумен қамтамасыз етулеріңіз керек. Бұл – аса маңызды мәселе! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

• ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

# Еңбек кодексі – халық мүддесі

Осы жылдың 1 шілдесінен Еңбек кодексінің бірқатар баптары өзгерістер енгізілді. Бұл туралы облыстың еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Саяш Ахметов әлеуметтік желіде өткен тікелей эфирде мәлімдеді.

жұмыс кезінде қызметкерді басқа жұмысқа ауыстырған жағдайда қысқартуы мүмкін.

Кодекс жылжымалы жұмыс

тесімен жұмыс істеген кезде жұмыс күнінің немесе ауысымның жалпы ұзақтығы еңбек тәртібінің қағидаларымен, еңбек шартымен

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Бір орынға бірнеше қызметкер

Еңбек кодексінің бұрынғы нұсқасында бірнеше қызметкер бір жұмыс берушімен келісе отырып, бір жұмыс функциясын ғана орындайтын еді. Яғни, бір адам бір іске ғана жауапты. Өзгенің шаруасына араласпайды. Енді жаңартылған кодексте екі немесе одан да көп қызметкерге бір міндетті атқаруға мүмкіндік берілген. Маманның сөзінше, бұл Еуропа елдерінің тәжірибесінен алынған және елімізде бұрын-соңды болмаған.

Бұл мүмкіндік медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтім жасайтын-дарға, үш жасқа дейінгі баласы бар ата-аналарға, 14 жасқа дейінгі бала тәрбиелеуші жалғызбасты аналарға, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп отырғандарға, студенттерге беріледі. Бірақ, оқу оқып жүргендердің денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыс болуы шарт. Тізімде зейнеткерлер де бар.

Спикердің пікірінше, бұл азаматтардың әлеуетін арттырады. Яғни, жоғарыда келтірілген себептерге байланысты жұмысқа орналаса алмай жүргендер еңбекке араласып, нәпақа табады. Мысалы, науқасқа күтім жасаушы адам танертен келіп, өзіне берілген тапсырмаларды түске дейін орындап, түстен кейін үйіндегі



науқасқа көңіл бөледі. Ал, қалған уақытта оның міндетін әріптесі атқарады.

Тараптардың келісімімен бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасында кезектесу құқығымен төрт күндік жұмыс аптасын белгілеуге болады. Жексенбі – бәріне ортақ демалыс.

Бұдан былай бір қызметкерді қатарынан екі ауысымға қоюға рұқсат жоқ. Бірақ, рұқсат етілетін жағдайлар да бар. Егер жұмыс орнында төтенше жағдай орын алса, жеке адамның қауіпсіздігіне байланысты шұғыл тапсырма түссе, жұмысшы шақыртылады.

Ауысым кестесімен танысу мерзімі қызметкерді жұмысқа қабылдаған немесе ауысымдық

кестесін реттейтін жаңа 73-1-баппен толықтырылды. Онда «Жұмыстың ерекшелігін, қиындығын ескере отырып, жұмыс беруші еңбек тәртібі қағидаларында жұмыскерлерге жылжымалы жұмыс кестесін, уақытының жиынтық есебін қолдана отырып, күнделікті ұзақтығын 11 сағаттан аспайтын шектеулерін сақтай отырып, жұмыс кестесінің әртүрлі ұзақтығымен аптаның әртүрлі күндеріндегі жұмысты белгілеуге құқылы» делінген.

Жылжымалы жұмыс кестесінде қызметкерлердің жұмыс уақытының орташа нормасы сақталуы тиіс. Бірақ, бір тоқсандықтан аспауы шарт.

Жылжымалы жұмыс кес-

немесе ауысым кестесімен айқындалады.

## Жұмыс уақыты мен үстеме жұмыстардың жиынтық есебі

Жұмыс уақытының жиынтық есепке алуға қатысты кодексте-гі 75-баптың жаңа 9-тармағы толықтырылды. «Еңбек шарты есептік кезең аяқталғанға дейін тоқтатылған кезде жұмыс беруші есепті кезеңнің басынан бастап, еңбек шарты тоқтатылған күнге дейін жұмыс істеген уақыт үшін сол шарттарда үстеме сағаттарды төлеуге құқылы».

Сондай-ақ, жұмыскердің келісімінсіз шұғыл шешім қабылда-

уды қажет ететін әрекеттер тізімі кеңейтілді. Мысалы, елді қорғау, төтенше немесе соғыс жағдайын енгізу, өндірістік апатты болғызбау, олардың алдын алу шараларына жұмысшылар кестеден тыс уақытта лауазымды адамдардың шешімі бойынша шақыртылады.

## Бос тұрып қалған уақыт қалай төленеді?

Жұмысшының бос тұрып қалған уақытын рәсімдеу тәртібі және оған ақы төлеу жолы еңбек, ұжымдық шартта айқындалады (электр қуатының, судың болмауынан немесе басқа да келесіз жағдайларға байланысты жұмыс тоқтаса, ол – бос тұрып қалған уақыт деп есептеледі). Егер шартта көрсетілмесе, бос тұрып қалған уақыт жұмыс берушінің актісімен рәсімделеді. Бірақ, міндетті түрде себебі көрсетіледі.

Жұмыс берушіге және қызметкерге қатысты жоқ себеппен бос тұрып қалу төлемі елдегі ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен болмауы тиіс. Егер жұмыс берушінің кінәсі болса, орташа жалақының кемінде 50 пайызы беріледі. Қызметкердің кінәсінен болса, төленбейді.

Бос тұрып қалған уақыт аяқталғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа шығатын күні туралы алдын ала хабарлар етеді. Қызметкер одан кейін тапсырмаларды орындауға міндетті.

Қызметкер хабарламада белгіленген мерзімде жұмыс орында болмаса, жұмыс беруші оны тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы.

Саяш Ахметов енгізілген өзгерістер уақыт талабына сай жасалды деген пікірде.

– Бүгінгі күннің шындығына тік қарап, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы кейбір мәселелерді талқыға салсаңыз, жасалған өзгерістер халықтың әлеуетіне оқ ықпал ететініне сенім бар, – дейді еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысының орынбасары.

• ТАҒАЙЫНДАУ

# Басқармада – жаңа басшы

Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасына жаңа басшы тағайындалды. Ведомствоны осы тағайындауға дейін жер қатынастары басқармасының басшысы қызметін атқарған Дарын Бұлқайыр басқарады.



Дарын Бұлқайыр 2012 жылдан бастап мемлекеттік қызметте. Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеген.

2013 жылдан 2015 жылға дейін Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімінде бас маман, басшының орынбасары болды.

Кейін Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасында бас маман-заңгер, бюджетті атқару бөлімінің бас маманы, мемлекеттік сатып алу және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді.

2017 жылдан 2021 жылға дейін Қарағанды қаласы, Октябрь ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарса, 2021 жылдан осы тағайындауға дейін Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасын басқарады.

# Цифрлық алшақтық әлеуметтік теңсіздікке айналмауы тиіс

Бүгінде трендке айналған цифрландыру терминін неге айта береміз? Тіл ұшындағы «Ц» қарпінен басталатын сандық астарында қарапайым жұрттың тұрмыс-тіршілігін жеңілдету, экономиканың тиімділігін арттыру жатқанын есте-есте бәріміз түйсініп келеміз. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Екі жыл ішінде 741 елді мекенді интернетпен қамтамасыз ету керек болған. Бірақ, 260 ауыл-аймаққа әлі ғаламтор желісі тартылмаған. Қала мен ауыл тұрғындары арасында сандық технологияға көшу алшақтығы бар. Бұл жай ғана алшақтық емес, әлеуметтік теңсіздік. Сондықтан, Үкімет цифрлық алшақтықты реттеу жұмыстарын жандандыруы қажет», – деп Үкіметке қатаң тапсырма берген еді. Мұнымен бірге, елді мекендерді толықтай мобильді байланыспен қамтамасыз етіп, ауылдардағы мектептер мен медициналық пункттерге интернет желісін жеткізуді, сондай-ақ, олардың бағасын қымбаттатпауды тапсырды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Әуел баста

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің 13 шілдедегі №76 санында Президент тапсырмасын орындау шеңберінде Қарағанды облысындағы 219 ауыл сапалы интернетпен қамтылғаны баяндалған еді. Бұл дегеніміз – шалғай елді мекендердің 90%-дан астамы кең жолақты ғаламтор желісіне қол жеткізді деген сөз. Дерек пен дәйек сенім ұялатады. Дегенмен, бұл маңызды мәселеге қайтадан қайырылып, кеңірек шолу жасағанды құп көрдік.

Бұл күнде IT саласы дүниежүзі бойынша айрықша сұранысқа ие. Экономикасы, әлеуеті дамыған өркениетті, дамыған елдің барлығы дерлік сандық жүйеге ойысып, өнеркәсібінің дамуына салым қосып, халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. 2017 жылдың 12 желтоқсанында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Бұл бағдарламадан Қазақстанда үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу боларын күткен еді ел. Бұл қатарға 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын өзге де бірқатар басымдық берілген салаларды дамыту керек. Осындай индустриалды игіліктер қазірдің өзінде дамыған ел экономикасының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты.

Ә деген бетте жоба басты төрт бағыт аясында іске асатын болатын. Ең бірінші бағыт – ауыл-аймақтарды интернетпен қамтамасыз ету жоспары. Кең байтақ Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі, тіпті, шалғай ауыл-аймақтарда интернетке қолжетімділікті арттыру күн тәртібінен әлі түспей келеді. Республика аумағында орта білім беру мекемелерінде интерактивті тақта орнату, компьютермен жабдықтау қолға алынды. Қарағанды облысының өзінде 2018-2021 жылдар мұғдарында аталған мемлекеттік бағдарламасы бойынша ауылдарды сапалы интернетпен қамтамасыз етуде екі ірі республикалық жоба іске асырылды. Бірінші жобадан облыстың 47 ауылдық елді мекені талшықты-оптикалық байланыс желілерімен қамтамасыз етілген – 151 мемлекеттік орган мен бюджеттік мекеме қосылған. Екінші жобадан өңірдің 70-ке тарта ауылды үшінші, төртінші буындағы мобильді кең жолақты интернетке қосылды. Бұған дейін Ақтоғай ауданының Нарманбет, Қошқар, Ақжарық, Қарқаралы ауданының Көктас, Шет ауданының Ақой және Батық ауылдарының тұрғындары ұялы байла-

ныспен қамтылып, енді осы өңірлерге төртінші буын (4G) кең жолақты интернет қолжетімді бола түспек. Осылайша, кенді аймақтың 350 елді мекенінің 220-ы, яғни, ауыл халқының 91,3%-ы кең жолақты интернетке қосылды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын құру барысында бірқатар өркениетті, дамыған елдердің озық тәжірибесі ескерілді. Мәселен, цифрлық технологияны игілігіне сәтті пайдаланған Австрия, Дания, Аустралия, Канада мен Сингапур секілді елдерді мысал етуге боларлық. Ал, Австрия астанасы Вена қаласында қалалық қаржылық бюджетті дайындауда жоспарлаудың «цифрлық» қағидада


## «Ғаламтор ғаламат емес»

Қарқаралы ауданы бұрнағы Ақбұлақ бөлімшесінің тұрғыны Марат Әлжановтың айтуынша, шалғай елді мекендегі сандық технологияны енгізу талпыныстары көпші куантады. Бірақ, қыстақта тұрып, мал шаруашылығымен айналысатын фермер бірлестіктеріне заманауи қалыптағы жылдам интернет желісі қажет. Бұл – бүгінгі заман талабы.

– Шалғай жерлерде ғаламтор ғаламат емес. Әлбетте, жапандағы жалғыз үйге «келе ғой, саған 4G орнатып берейін» деп, қай компания алаңдай қойсын?! Күй



лаудағы малын дронмен бақысы келетіні жасырын емес. Оған кең жолақты интернет желісінің жоқтығы қолбайлау. Тәуелсіз сарапшы Николай Сафиуллин талшықты-оптикалық кабельді электр желілерімен қатар өткізсе, жұмыс оңтайлана түсетінін айтады. – Талшықты-оптикалық кабельге сигнал жарық арқылы беріледі. Бұл ақпаратты күн сәулесінің жылдамдығына жетекабыл.



берік орныққан. Нәтижесінде, Вена шаһарының қазынасындағы қаржының жыл сайын екі миллион еуроның үнемдеуге көмектесетіні аян болды. Америка Құрама Штаттарындағы Бостонда мұнағалды қызмет түрлерін бақылауға арнайы мобильді қосымша бар. Бізде мұндай таңдай қағарлық игіліктердің ауылы алыс көрінгенімен, сандық технологияның көлеңкесі көрінісімен Қазақстан тұрғындарының шағымы 66% пайызға бірден қысқарған. Мұның өзі жаман көрсеткіш емес...

сеніңіз, күй сенбеніз, бірақ, елімізде жеті мыңға жуық ауыл бар болса, соның жартысына жуығында ғаламтор желісі тым әлсіз. Қазір екінің бірі, егіздің сынарында кейінгі үлгідегі iPhone бар. Енді сол iPhoneмен ауылда не бітіреміз? Қазір ауылды екі-ақ жайт «өлтіреді». Мектептің жабылуы, ғаламтордың әлсіздігі. «Токсан пайыз ғаламтор бар» дейміз. Сізге кері дерек келтірейін. Ауыл біткеннің 25%-ы қарапайым ұялы байланыс сапасына қанағаттанбайды. Марат уәжінің жаны бар. Фермер қауымы аттың орнына мотоцикл теуіп, жай-

Әзірге адамзат бұдан өзге нұсқасын ойлап таппады. Радиоарна, цимбалдар, 4G, 5G – бұл қосымша компоненттер, бірақ, ең бастысы – оптикалық кабель, – деп түсіндіреді сарапшы. Бірақ, Қазақстанда оптикалық талшық желісін кешенді түрде салатын нормативтік база жоқ. Яғни, заңның ресми рұқсаты жоқ. Сондықтан, бизнес өкілдері мұны тек мемлекеттің қатысуымен ғана реттей алмақ. Бұл жылдам интернет орнатуы кешуілетеді.

## Ендігі қадамдар

Уәже облыс билігі төмендегі деректерді алға тартады. Ауыл тұрғынын интернетке қолжетімді ету үшін 2023 жылдан 2025 жылға дейін екі жобаны – антенна-дінгек құрылыстарын салу жолымен РРЛ (радиорелелік желілер) технологиясы бойынша үй интернетімен қамтамасыз етуді іске асыруды жоспарлап отыр.

Бастапқы жоба бойынша «Қар-Тел» ЖШС (Билайн) және «Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Алтел/Теле2) ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, мобильді интернетпен қамтамасыз ету үшін антенна-дінгек орнатылатын 21 елді мекен арнайы тізімге қосылды.

Екінші жобадан облыстың 10 елді мекенін үй интернетіне қосу көзделуде. Нұра ауданының Тікенекті, Талдысай ауылдарын қосу үшін қаржы қарастырылған. Жыл соңына дейін Нұра интернетке қосылмақ. Қалған сегіз ауылды 2024 жылдың соңына дейін қосу мекенленді.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 2024–2027 жылдарға арналған «Қолжетімді интернет» Ұлттық қанатқалық жобасы шеңберінде шалғай ауылдарда талшықты-оптикалық байланыс желілерін салуды жоспарлауда. Жобаға кіретін елді мекендердің эксперименталды тізімі даяр.

## ЖОБА

# «Террикон» жеңімпазы болыңыз!

Қарағандының «Террикон алқабы» IT-хабында кезекті «Инкубатор» және «Акселератор» бағдарламалары қорытындылану үстінде. Бірқатар жеңімпаз өз жобасын одан әрі дамытуға арнаулы гранттарға қол жеткізді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Террикон алқабы» екі жылдан бері оқу бағдарламаларын жүйелі жүргізіп келеді. Бұл – кәсіпкерлік дағдыларын игеруге, жоба талдауға, өсуге мүмкіндік беретін екі айлық тегін оқыту курстары.

– «Инкубатор» бағдарламасы ісін жаңа бастаған кәсіпкер мен стартаперге бағытталған. Бұл – бизнесті нөлден бастауға таптырмас мүмкіндік. «Акселератор» болса, бизнесті кеңейтуге, кірісті арттыруға көмектесуге бағдарланған. Қатысушы өз нәтижесін ұсынып, қазылар алқасы үздік жобаны



таңдап, гранттармен марапаттайды. Басты мақсат – жергілікті талантты мамандарды қолдау. Осындай бастамалар арқасында біз қалада кәсіпкерлік саласын дамыта аламыз, – дейді IT-хаб директоры Сабыр Ниязов.

Мәселен, кезекті лектің атық сайысына 12 команда түсті. «Акселератордан» алты және «Инкубатордан» алты компания.

«Инкубатордан» командалар арасында алғашқы үш орынды ағынды суларды тазарту қондырғысы жобасы, IOS әзірлеушілеріне арналған DevTrainu қосымшасы әрі спорт әуесқойларына арналған Densau қызметі иеленді. Үздік жобалардың әрқайсысы 400 мың теңгелік грант еншіледі.

Ал, «Акселератор» түлектері «Яндескес Cloud» серіктестерінен 2 400 000 теңге көлемінде грант алу үшін күресті. Қызықты жоба көмегімен тұтынушы интерактивті картадағы немесе зауыт жоспарындағы жұмыс үдерісін елестете алады.

Жобаныңды terrikon.kz сайтында өтініш беру арқылы қорғай аласыз.

# Қош келдің, IT-дәрігер!

Қарағандыда «IT-медицина» инновациялық білім беру бағдарламасының алғашқы 38 түлегіне дипломдар табысталды. Ендігі жас мамандар қос бірдей маңызды саланы – ақпараттық технологиялар мен денсаулық сақтау жүйесінің байланыстырушы буыны болмақ.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бакалавриат деңгейінде жаңа білім беру бағдарламасын 2019 жылы екі жоғарғы оқу орны – Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті және Қарағанды медицина университеті әзірлеп, ашқан болатын. Бүгінде осы мамандықты таңдаған 80 студент денсаулық сақтауда қолданылатын ақпараттық технологияларды, бағдарламалау құралдарын, мәліметтер базасын, биомедициналық ақпаратты өңдеу және талдау әдістерін үйренеді.

– Отандық медицинада көптеген заманауи ақпараттық технологиялар күн сайын енгізілу үстінде десек, қателеспейміз. Бүгінгі дәрігер зерттеу жүргізгеннен кейін деректерді өңдеу керек. Бізде медициналық оқытумен техникалық оқыту толықтыру жүріп жатыр. Оқу төрт жылға созылады. Осы арқылы мамандарымыз бірден екі

салада құзыретті болады. IT-дәрігер – жақын болашақтың кәсібі, – дейді Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ақпараттық-есептеу жүйелері кафедрасының меңгерушісі Алексей Калинин.

Жаңа бағдарлама бойынша оқитын студенттер емханалар мен дәріханаларда тәжірибеден өтеді.



Медициналық деректерді өңдеумен айналысатын IT-мамандарына үлкен қажеттілік бар. Қазірдің

лық-генетикалық механизмдерді, патологиялық процестердің механизмдерін зерттеу нысаны етуге



өзінде, IT-дәрігерлер республикалық медициналық зерттеу орталықтарында үлкен сұранысқа ие. Оқуды жалғастыруға да болады. Мысалы, Қарағанды медицина университетінің «Биомедицина» білім беру бағдарламасына магистратураға құжат тапсыру мүмкіндігі қарастырылған.

– Биомедицина – бұл барлық жаратылыстану-ғылыми мамандықтардың өкілдерін шақыратын кең бағыт деп айта аламын. Бұған бионформатика да кіреді. Геном құрылымын математикалық әдістермен зерттеу және молекула-

болады. IT-дәрігерлер – келешектің әмбебап мамандары, – дейді Қарағанды медицина университетінің стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры Виктор Риклефе.

«IT-медицина» бағдарламасы бойынша оқығандар өзі қабылдаған университеттің дипломын алады. Бұл – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бакалавры немесе денсаулық сақтау бакалавры. Әр дипломаға екі университеттің пәндері мен бағалары бар екі транскрипт бар. Яғни,

түлектердің шығу құзыреттілігі бірдей.

«IT-медицина» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнын Тамырлан Алдонғаров қызыл дипломмен бітірген.

– Әуел баста мен университетке түсуге дайындалып жатқанда, бағдарламашы болғым келген. Ұлттық бірінші тест тапсырдым және техникалық университетте менің салама сәйкес келетін бірнеше бағдарлама бар екенін білдім. Мені IT-медицина қызықтырды. Бұл – бейінді және қиын мамандық. Менің ағам облыстық онкологиялық орталықта хирург-онколог болып жұмыс істейді. Өзім жай бағдарламашы емес, өмірімді медицинамен байланыстырғым келетінін жете түсіндім. Оның үстіне, біздің елімізде осындай мамандардың жетіспеушілігі де сезіледі. Оқуды әрі қарай жалғастырғым келеді, дамимын, міндетті түрде магистратураға түсемін, – дейді 21 жастағы президенттік стипендиат Тамырлан Алдонғаров.

Биыл жаңа білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдау жалғаспақ.



## • КӨКЕЙКЕСТІ

## «Жол картасы» жолда қалмасын

«Өзінен шықпай, өзегің майланбайды». Жаны бар сөз! Егер, өзіміздің туризм түлеп тұрса, миллиондап қаражат шашып, асқар тау асып, көгілдір теңіз кешіп, неміз бар? Туризм – әлемдегі экономикалық кірісі жоғары саланың бірі. Аймақтағы ауыз толтырып айтатын Балқаш көлі, Қарқаралы мен Ақтоғайдың тамаша табиғаты жанға – сая, дертке – дауа.

уетін көтеруге бағытталған қартада туризмді дамытудың негізгі алғышарттарына басымдық берілген. Онда туризмнің дамуына кедергі келтіретін түйткілді мәселелер айқындалды. Нақты-



**«Қарағанды – Қарқаралы» тас жолын жөндеуді тапсырамын. Қарқаралының туристік әлеуетін арттыру мақсатында бұл жұмысты алдағы екі жылдың ішінде аяқтау қажет».**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ**

**Сағыныш ӘБЛІ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алайда, экономикалық инфрақұрылымды жасақтауда түйткілді мәселе аймақтағы туризмнің дамуына қолбайлау болып отыр. Тұсаулы ағтай тыпырлаған туризм саласында қызмет көрсету тұстары кемшіл түсіп тұр.

Қарқаралы – этно-аграрлық туризм үшін өте қолайлы. Сулы да нулы алқап. Тек тамаша табиғатымен ғана шектелмей, тарихи-археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығы, салт-дәстүрдің даралығымен ерекшеленді. Ауданда мемлекет қорғауындағы 301 тарихи және мәдени нысан бар. Бұл тұрғыда Орталық Қазақстан аумағының туристік базарына айналуда әлеуеті әбден жетеді. Жылына мыңдаған турист келіп демалады. Жаз маусымында демалыс орнын таппай дал болатындар қаншама? Алайда, өңір неге туристік орталыққа айнала алмайды?

Биыл Қарқаралы ауданында туризм саласын дамытуға арналған үш жылдық «Жол картасы» әзірленді. Облыстағы орман алқабының 90%-ы аудан аумағында. Оның ішінде, рекреациялық маңызы зор Ұлттық табиғи парк пен Қу орманшылығы бар. Осындай тамаша табиғаттың ортасында орналасқан 35 демалыс үйінің 3 мыңға жуық туристі қабылдауға қабілеті жетеді. Жыл сайын туристердің

де саны артып келеді. Өткен жылы 23 мың 600 адам келген. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 127,7%-ға артық. Ал, көрсетілген қызмет құны – 625 млн. 800 мың теңге.

– Аймақтың тарихи және мәдени әлеуетіне, инвесторлар мен тұрғындардың қызығушылығы болғанымен, бірқатар мәселелерді атап өткім келеді. Бұл, ең алдымен, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жай-күйі, кадр тапшылығы, сервистің жоқтығы және Ұлттық парк тарапынан қойылатын көптеген шектеулер. Ұлттық парктің рекреациялық аймағында шағын демалыс үйлерін, кемпингтерді, аңшылар үйлерін, қонақ үйлерді, спорт базаларын, лагерлерді, сауда нүктелерін және тамақтану орындарын салу жобаларын жүзеге асыру шарт, – дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Серік Төлеубек.

Қарқаралының туристік әле-



## • ӨЗЕКТІ

## Өрт сөндіру кешендері берілді

Жаз – өрт қаупінің күшейетін кезі. «Жеті жұттың» біріне саналған өрттің мезгіл мен орын талғамы тағы бар. Оның алдын алуда бірқатар шаралар жүзеге асуда. Атап айтқанда, Қарқаралы ауданындағы елді мекендерге өрт сөндіруге арналған тіркемелі мобильді кешендер берілді.

**Сағыныш ӘБЛІ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс аумағындағы орманның 90%-ы Қарқаралы ауданында. Шілелігір шілденің аптап ыстығы өрт қаупін күшейтуде. Осы орайда, жылма-жыл елді мекендерді

өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау жүзеге асып келеді. Биыл Уғар, Қаракөл, Мәди, Бакты және Қоянды ауылдық округтеріне өрт сөндіруге арналған тіркемелі мобильді кешендер берілді.

– Жалпы, ауылдық округте 229 мың га жер учаскесі бар. Оның

110 мың га шаруақожалығының иелігінде. Биылғы қатты ыстықтан жер құрғап тұр. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», егер өрт бола қалған жағдайда бұл мобильді кешен алғаш көмекке жарап-ақ тұр, – дейді Қоянды ауылдық округі әкімі Сұлтанбек Әубәкіров.

## • ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Аз қамтылғандарға – ауқымды көмек

Бүгінде әлеуметтің әлеуетін көтеру, бұқараны жұмыспен қамту мақсатында елімізде көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Жергілікті халық жүгінетін Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелген міндет аз емес. Ал, сол бағдарламаларда көрсетілген жоспарларды орындап, өз деңгейінде жүргізу – маңызды міндеттің бірі.

**Нұрлос КӘРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Статистиканы сөйлетсек, Приозерскіде 2023 жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке бөлінген қаржы – 46 297 мың теңгені құрайды. Биылғы 1 тоқсанда 83 отбасынан өтініш түскен. Оның ішінде, 48 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 5982,9 мың теңге төленген. 35 отбасыға табыс көзінің асуына байланысты көмек көрсетілмеген.

Сондай-ақ, атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың 1

жастан 6 жасқа дейінгі 46 балаға төлемдер түрінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет 5175 теңгеден 657,2 мың теңге көлемінде тағайындалған. Ал, осы жылдың 2 тоқсанында АӘК-ке 75 отбасы өтініш білдірген. Өтініш талабына сәйкес 42 отбасыға көмек тағайындалып, 5823,1 мың теңге төленгенін айтады бөлімдегі мамандар. 33 отбасыға табыс көзінің асуына байланысты атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмаған.

Биыл 1 шілде мен 14 шілде аралығында АӘК-ке үкіметтік электрондық порталы арқылы 42 отбасы өтініш тапсырған. Оның

33-і қарастырылуда. Қалған 9 отбасында табыс көзі асып кеткен.

– Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек негізінде отбасының табысы жан басына шаққандағы күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан аспаған жағдайда беріледі. Биылғы жылдың 6 айында 62 отбасыға жалпы соммасы 11 556,1 мың теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Осы жылдың 3 тоқсанына кедейлік шегі – 32 144 теңгені құрады. Тұрмысы төмен, көпбалалы және мүгедектігі бар бала асыраушы аналарға демеушілер тарапынан қайырымдылық көмек-



жеттерден қаражат бөлу қажеттігі көрсетілген.

Сонымен қатар, туристердің қызығушылығын тудыратын тозығы жетіп тұрған нысандарды қалыпта келтіру де кезек күттірмейтін мәселе. Мысалы, табиғат мұражайы мен қоршауын күрделі жөндеу, мемлекет қорғауындағы тарихи ескерткіш «Орманшы үйі» негізінде мұражай ашу, қала маңындағы демалыс орындарының жұмысын жандандыру мақсатында меншік иелерімен келіссөздер жүргізу де маңызды.

Туризмнің жүйелі дамуында қызмет көрсету сапасы мен білікті мамандардың да рөлі басым. Яғни, келген туристке жергілікті жердің тарихи маңыздылығынан ақпарат беретін көрнекіліктер мен кәдесыйлар дайындайтын шеберханалар, туристерге қажетті шатырлар, шаңғы, ұйықтайтын қаптарды жалға беретін орындар ашу, қоғамдық тамақтану орындарының саны мен сапасын арттыру мақсаты тұр. Олардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасауда күн тәртібінде тұрған жайт. Сондықтан да, атпен серуендеу, балық аулау, аңшылық кәсібін көрсету секілді ауқымды жоспарлар жобалау қамтылған.

Өңірде туризм саласын белсенді дамытудың «Жол картасында» бәрі қаражатқа келіп тіреледі. Туризм де инфрақұрылымға тәуелді. Қалталы адамға «қонырай» туризмнен гөрі мамыражай туризм тиімді. Егер, «Жол картасы» орта жолда Қарқаралының ой-шұңқырында қалмай, жоғарыға жетіп, қолдау тапса, өңірдің тұрмысы түрленіп, туризм базарына айналары сөзсіз.



Кешен құрамында жеңіл көлік тіркемесі, автономдық жоғары қысымды су шашатын аппарат, 500 литрлік су қоймасы, өрт сөндірушілер киімі, су шашатын құралдар, басқа да құрал-жабдықтар бар.

**Қарқаралы ауданы**

## Дамудың даңғыл жолында



«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында биыл Абай ауданының алты елді мекенінде алты жоба жүзеге асырылуда. Сол жобалардың біреуі былтыр басталып, биыл іске асырылмақ. Осы мақсаттарға 688 миллион теңге бөлінсе, оның 230,8 миллион теңгесі – Ұлттық қордан, 388,4 миллион теңгесі – облыстық бюджеттен, ал, 66,8 миллион теңгесі – жергілікті бюджеттен.

**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Былырдан бері келе жатқан жоба – Топар кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы. Мұның алдында жазғанымыздай, қазір онда жоспарланған жұмыстардың 70 пайыздан астамы орындалып, құрылысшылар бұл нысанды алдағы тамыз айының соңына дейін пайдалануға бермек ниетте.

Биылға белгіленген жаңа бес жобаның бірі – Южный кенті ішіндегі 3,36 шақырым жолды орташа жөндеуді көздейді. Бұған бөлінген 116 миллион 86 мың теңгенің жұмыстарын «РАЙС КЗ» ЖШС атқа-

Тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несие 144 миллион 968,5 мың теңге мөлшерінде 33 маманға, соның ішінде, білім берудің 21, денсаулық сақтаудың 12 маманына берілді (бірінші көтермелеу жәрдемақысының мөлшері – 4 миллион 954 мың 500 теңге).

Енді, 2023 жылға арналған 13 миллион 800 мың теңгенің бірмезгілді көтермелеу жәрдемақысын 40 маманға бөлінді (әр маманға 345 мың теңгеден).

Осыдан 2023 жылдың 23 маусымына дейін білім берудің 19, денсаулық сақтаудың 11 маманы тиесілі көтермелеу жәрдемақысын алды.

Сондай-ақ, Абай ауданында



руда. Ондағы жұмыстар басталып, жөнделетін жол бөліктерінің ескі асфальт төсемдері қырылып тасталуда.

Тағы бір жоба – Юбилейное ауылындағы 1,4 шақырым ішкі жолдардың орташа жөндеуі. Мұнда мердігер – «Өрнек-НС» ЖШС. Жұмыстар 25 сәуірде басталған еді. Келесі Көксу ауылындағы 3,1 шақырым болатын ішкі жолдарды орташа жөндеуді де осы серіктестік міндетіне алған. Құлайғыр ауылының ішіндегі 3 шақырым жолдың орташа жөндеуі де осы серіктестікте. Ендігі Жон ауылындағы 3 шақырым жолдың орташа жөндеуін аталған серіктестік 20 мамырда бастап, тамыз айында толық аяқтауды көздейді.

Ауданда бұдан бөлек «Дипломмен – ауылға!» жобасы көптен бері жүзеге асырылып келеді.

Осы жоба бойынша 2022 жылы Абай ауданында 50 маманға 15 миллион 315 мың теңгенің көтермелеу жәрдемақысы берілсе, соның 26-сы – білім беру, 23-і – денсаулық сақтау, 1-і – спорт саласының мамандары. Оларға берілген бастапқы көтермелеу жәрдемақысы 306 мың теңгеден болды.

Ұлттық «Үйлер» бағдарламасы негізіндегі жобалар да іске асырылып жатыр.

Мәселен, Абай қаласының 30 «а» орамында 5 қабатты екі үйдің құрылысы аяқталып, онда кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағылар қоныстанды.

Халықтың осындай санаты үшін қайталама тұрғын үй нарығынан 20 пәтер сатып алуға 192 миллион теңге бөлінсе, соның 76 миллион 800 мың теңгесі Ұлттық қордан, ал, 115 миллион 200 мың теңгесі – республикалық бюджеттен. Қазірде сондай 8 пәтер сатып алуға келісімшарт жасалынды.

Жолдарды жөндеу жобалары бойынша Тасзамка ауылына кіреберіс 2,2 шақырым жолды жаңғырту жалғасуда. Сол сияқты Вольный, Көксу ауылдарына кіреберіс жолдарды жөндеп, жаңғырту аяқталды.

Жалпы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» бағдарламасының шеңберінде Абай ауданы 112 уақытша жұмыс орны құрылды.

**Абай ауданы**



топтарға жататын азаматтар ғана грант алады. Мұндай санатқа атаулы көмек алушы отбасы мүшелері, көпбалалы отбасыларға төленетін жәрдемақы алушылар, асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақы алушылар, қоныс ау-

дарушылар және қандастар, еңбекке қарсы көрсетілгендері жоқ мүгедектігі бар азаматтар, сондай-ақ, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші адамдар жатады.

**ПРИОЗЕРСК**

# «Жайлы мектеп»: кешіктірген мердігерге кешірім жоқ

Аймақтағы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша мектеп салуды ұтып алған мердігерлер бұдан былай сергек болуы тиіс. Құрылысты кешіктіргеніне кешірім жоқ. Дәлірек айтқанда, мердігер құрылыс жүргізудегі кестеден 7 күн кешіксе, «Samruk-Kazyna Construction» басқармасы мердігермен келісімшартты дереу бұзады. Апта сайын компаниялардан техникалық есептер талап етіледі. Екі рет құрылыс жұмысы кешейдесе, мердігерлермен басқарма «қош» айтысады. Қарағанды облысындағы «Жайлы мектеп» жобасындағы 10 мектептің құрылысын көзімен көруге келген «Samruk-Kazyna Construction» Басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов мердігерлерге осындай қатаң талап қойды.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мәулен Айманбетов Қарағандыға және оған іргелес ауылдарға «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектептерді тұрғызатын мердігер компаниялардың өкілдерімен кездесті. Кездесу кабинетте емес, құрылыс алаңында өтті. Сол арада мерзімдерді кешіктірген компанияларға қандай жауапкершілік қарастырылғаны тағы бір еске салды.

«Апта сайын атқарушылық техникалық есептерді уақытылы тапсырыңыздар. Кем дегенде, екі рет мерзімді бұзып, жұмыстарды кешіктірген жағдайда шартты бұзамыз. Ал, жобаны конкурста екінші орын алған компанияға береміз. Өздеріңізге ескертемін. Бақылау қатаң болады! Біз сапаға басымдық береміз», – деді Мәулен Айманбетов.

Егер мердігер құрылыс жұмыстарын орындау мерзімін бекітілген кестеден кем дегенде екі рет 7 күннен артық уақытқа кешіктірсе, келісімшарт біржақты тәртіппен бұзылады. Мектептің құрылысы конкурста екінші орын алған компанияға сеніп тапсырылады. Ол талаптарға сай келмесе, онда жаңа мердігер бір көзден сатып алу арқылы анықталады. «Samruk-Kazyna Construction» басшылығының мәлімдеуінше, барлық жайлы мектепті уақытылы салып, белгіленген межеде тапсыру үшін талап күшті.

Қарағанды қаласында ұлттық жоба аясында 8 мектеп салынады. Сапар барысында басқарма төрағасы Қарағандыдағы «Кендала» шағын ауданында 2000 оқушыға арналған жайлы мектеп салу жоспарын талқылауға қатысты. Онда мектепке тиесілі аумақты оңтайланды-

руға байланысты өз ұсыныстарын жеткізді. Іргелес алаңда трибуналары бар көп функционалды стадион орнатылады деп жоспарланған. Онда оқушылардың жылы кезде футбол, қыста хоккей ойнауына мүмкіндік бар. Жалпы, басқарма ұстанған қағидат – мектептің әр шаршы метрін тиімді пайдалану.


«Мектеп аумағының әр шаршы метрін барынша тиімді пайдалану керек.



Еуропалық мектептерде бос орын жоқ. Мәселен, неге аумақта айналымды жүгіру жолағын жасамасқа? Ол үшін арнайы орын қарастыруды ұсынамын. Қыста шаңғы тебуге, жазда жүгіруге болады. Өзім де мектепте оқығанда жүгіруге қатысып, нормативтің бірінші разрядын алғанмын. Сол уақытта мектеп алаңында жүгіретінбіз», – деді төраға.

Бұл шағын аудандағы мектепті салуға дайындық кестеге сәйкес жүріп жатқанымен, учаске арқылы кәріз желілері мен су құбыры өтеді. Бұл біршама қолайсыздық тудырады. Басқарма төрағасы мердігер компания «BI Global» ЖШС желілерді өз күшімен шығаруды ұйымдастыруды тапсырды.

Сондай-ақ, Мәулен Айманбетов Қарағандыдағы «Гүлдер» шағын ауданын-



## РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

сыз етіңіздер. Жолдар мен көлік тұрағы жергілікті тұрғындарға кедергі келтірмеуі тиіс. Бұл мәселені жергілікті атқарушы органдармен пысықтау қажет», – деді Мәулен Айманбетов.

Сонымен қатар, «SK Construction» басшысы 300 оқушыға шақталған Үштөбе ауылындағы жайлы мектептің құрылысына дайындықты жеделдетуді тапсырды. Төраға жұмылдыру бастамасының әлсіздігін атады. Мердігер компания «Астана Коктем С» ЖШС мектеп салынатын учаскені қоршаған. Бейнебақылау камераларын орнатқан. Алайда, нысанды орналастыру жұмыстарын әлі бастамаған. Өйткені, жауапты зертхана геологиялық іздетіру қорытындысын әлі күнге дейін бермеген. «SK Construction» басшысы мәселені шұғыл түрде шешуді міндеттеді.

«Тиісті келісім жасап, жұмысты жеделдетуге рұқсат алыңыздар. Сіздер қазірдің өзінде кешігіп жатырсыздар», – деп ескертті төраға.

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қарағанды облысында 18 білім беру нысаны салынады. 10 жайлы мектептің құрылысы биыл басталады. Бұл мектептер 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Ол – қосымша 12,5 мың оқушы орны. Мұның 7 мыңнан астамы 2024 жылдың соңына дейін ашылады деп жоспарланған. Пайдалануға берілгеннен кейін барлық жайлы мектеп жергілікті атқарушы органдардың балансына өтеді.

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы ел Президентінің тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылып жатыр. Жоба апатты мектептерді жоюға, үш ауысымды оқыту және оқушы орындарының тапшылығын шешуге бағытталған. Ұлттық жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін елімізде 369 заманауи мектеп салынады. Бұл мектептерде 740 мың оқушы оқитын болады.

### • ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

## Ақжалда бөбекжай ашылды

Ақжал кентінде елу орындық «Сұлтан» бөбекжайы есігін айқара ашты. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ашылуы кент тұрғындары үшін көптен күткен қуаныш еді.

Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ақжалдықтардың қуанышын бөлісуге келген Шет ауданы білім бөлімінің басшысы Елдос Смағұл өңірдегі мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылып жатқан игі істерді атап өтті.

Персоналдық және әлеуметтік сұрақтар бойынша директоры Нұрлан Батталов жаңа нысанның ашылу рәсімін жасаған соң бөбекжайдың меңгерушісі Гүлшара Қамикқызы қонақтарды ғимарат басымен таныстырды. Бөбекжайдың бөлмелері кең, жылы, әрі жарық. Мұнда екі топта 25 бала бар. Негізі, 1 және 6 жас



– 4 мыңға жуық халқы бар кентке 1 балабақша аздық еткені мәлім. Ал, қазіргі уақытта балалардың толыққанды қалыптасуы үшін мектепке дейінгі білім беру нысандарының маңызы зор. Болашақ ұрпақтың тәрбиесі балабақшадан басталады. Сондықтан, жеке кәсіпкер Мейрам Арыстанбеков ағамыздың бұл қадамы басқаға өнеге болса, нұр үстіне нұр. Жаңа балабақшаның іске қосылуымен жергілікті тұрғындар да жұмыспен қамтылды, – деді Елдос Смағұл.

Шет ауданы білім бөлімінің басшысы Елдос Смағұл мен «NOVA Цинк» ЖШС-і

аралығындағы балалар қабылданды. Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылға дейін балалардың балабақшамен 100% қамтамасыз етілуі тиістігін айтқан болатын. Осыған сәйкес Шет ауданында балабақшалар қатары молайып келеді. Мұндай балабақшалар бұған дейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы аудан орталығы – Ақсу-Аюлы ауылында, Босаға, Киікті елді мекендерінде ашылған еді.

Шет ауданы

### • ТАЛАПКЕР -2023

## Қай мамандық сұранысқа ие?

Шілде – талапкерлер үшін үміт айы. Дәл осы кезде білім гранты сарапқа салынады. Құзырлы орындардың мәлімдеуінше, 19 шілдеге дейін білім грантын тағайындау конкурсына 83 мың өтініш келіп түскен. Талапкерлердің басым бөлігі құжатын үш республикалық маңызы бар қаланың жоғары оқу орындарына тапсырған. Олар – Алматы (34 мың), Астана (16 мың) және Шымкент (5 мың).

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Талапкерлердің таңдауындағы ең сұранысқа ие бағыттар қатарындағы үздік үштікті «Педагогикалық ғылымдар» (22 мың), «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» (16 мың) және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (11 мың) түйіндеп отыр.

Білім беру бағдарламалары бойынша ең көп өтініш «Ақпараттық технологияларда». Оған түскен өтініш – 9 мың екен. Бұдан кейін «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлауға» 5 мың талапкер өтініш білдіріпті. Үшінші орында – «Медицина», оны 4 мың талапкер таңдаған. Ал, 20 шілде – грант конкурсына өтініш қабылдаудың соңғы күні.

Білім гранты бәсекесіне түскендерінің арасында қайсысының бәсі басым екенін әркімнің білім сапасы анықтайды. Он бір жылда жинақтаған білімге бәрі тікелей байланысты екені қазір ешкімге құпия



емес. Елде қалыптасқан білім грантын тағайындау жүйесі мұны дәлелдеп-ақ келеді.

Құжаттарды орналасқан жері бойынша кез келген жоғары оқу орны арқылы тапсыруға болады.

### • ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

## 40 анаға баспана

Балқаш қаласында қырық көпбалалы ана баспаналы болды. Баспананы асыға күткен аналарымыз ішкі толқыныстарын жасыра алмады. Осындай мүмкіндік сыйлап, ерекше қолдау білдірген қала басшылығына ыстық ықыластарын жеткізді. Пәтер кілтін қала әкімі Сапар Сатаев табыстады.

Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Көпбалалы аналар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылар қашан да назардан тыс қалмайды. Қазіргі таңда қаламызда

1599 көпбалалы отбасы бар. Оның ішінде, 524 ана – «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері. Бүгін осы батыр аналардың қатары 5 адамға толықты. Қаламызда қазіргі таңда тұрғын үй кезегінде 212 көпбалалы ана тұр. Биыл жоспар бойынша 44

көпбалалы ананы пәтермен қамтамасыз ету керек болатынын, жыл басынан бері 4 анаға пәтер берілді. 40 ана бүгін жаңа пәтер кілтін алмақшы. Келер жылы дәл осындай 40 шақты пәтер беру жоспарда, – деді Сапар Сатаев.

Сондай-ақ, шара барысында Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес көпбалалы аналар Перизат Қалкенова, Алмагүл Үсенова, Қайша Сатпаева «Алтын алқа» және Гүлфия Чечикова мен Меруерт Шалдыбековаға «Күміс алқа» төсбелгісі салтанатты түрде берілді, сый-сияпаттар жасалды.

БАЛҚАШ



• АКАДЕМИК ЗЕЙНОЛЛА МОЛДАХМЕТОВ – 90 ЖАСТА

## Арқа ғылымының абызы

Отандық ғылым мен білімнің шұғыл дамуы көп жағдайларда және негізінен заманауи дүниедегі жаһандық қатынастар жүйесінде регионалды лидерге айналып ұлгерген біздің республикамыздың да дамуына тікелей әсер етеді. Өз кезінде академик Қ.Сәтбаев: «Ғылым мен білімсіз Қазақстаның, тіпті, кез келген елдің ешқандай болашағы жоқ», – деп айқындап кеткен бағдары, бүгіндері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған ғылыми-техникалық саясатымен үндестік таба отырып, еліміздің экономикалық дамуына, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекетіміздің қорғанысқа қабілеттілігін, био және киберқауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Өкінішке қарай, соңғы кездерге дейін елімізде ғылымға деген теріс көзқарас қалыптасып ұлгерген еді: «Әуелі экономикамызды көтерейік, ғылымды содан кейін көре жатармыз», «ғылымның керегі не?» немесе «технологияларды шет елдерден трансферттеп, сатып ала саламыз!» деген сияқты елдің ертенгі күніне терең бойламайтын, таяз ойлайтын шенеуніктердің пікірлері үстем болып тұрды.

Өткен отыз жылда экономиканы алдыңғы орынға қойдық та, ғылымға онша дұрыс мән бермедік. Экономика – тойындырғандай болды, бірақ жалпы ғылыми-техникалық аштыққа ұрындырды. Ұлттық ғылым академиясын да қоғамдық ұйымға айналдырып жіберді. Нәтижесінде, ертеніміз деп үміт артып отырған көптеген дарынды жас ғалымдарымыз шет ел асып кетті. Ғылым қартай бастады, сабақтастық жойылды. Қарт ғалымдар мен жас ғалымдар арасында жасанды түрде барьерлер орнатылғаны да несіне жасырамыз. Осы орайда, белгілі философтың: «Егер де ғылыммен ылғи қарттар айналысса, ол – трагедия, ал ылғи жастар айналысса, ол – комедия» деген ұшқыр нақалы да еріксіз есімізге түседі. Кішкентай ғана аралдарды мекендеген жапон халқының бір мәтелінде айтылған: «Әуелі миды тойдырайық, сонда ол қарынды тойдырады», деген қарапайым ғана шындықты түсінген қайраткер елімізде сол кезде табыла қойған жоқ.

Шындығына келгенде, кезінде Илья Мечниковтің: «Ғылымның дамуы күшті тұлғаның болғанын талап етеді» деп айтқанындай, ғылымның, технологияның және жоғары білімнің дамуы тек оларды лайықты және қажетті түрде қаржыландыруда ғана емес, сонымен қатар, жоғарыда аталған ойсыз шенеуніктерсіз, нағыз ғалымдар қатарынан шыққан күшті және беделді ұйымдастырушылар шыққанына да тікелей байланысты емес пе?!

Міне, сондықтан да, жас ғалымдардың жаңа буынын дайындау сияқты күрделі үрдісте, нақты мысал бола алатын және еліміздегі ғылым мен білімнің дамуының өзекті мәселелерін шешудегі тиімді фактордың бірі ретінде, көпке үлгі бола білетін көрнекті тұлғаларды көрсете білу – дұрыс шешім.

Республикамыздың ғылыми мен біліміне адал қызмет етудің осындай жарқын үлгісі ретінде, Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының Октябрь селосында 1933 жылдың 3 тамызында дүниеге келген көрнекті тұлғамыз, Қазақстандағы химия ғылымының негізін қалаушылардың бірі, ҚР ҰҒА академигі, химия ғалымдарының докторы, профессор Зейнолла Молдахметовтің өмірі мен қызмет еткен жылдары мысал бола алады. Ол 1952 жылы Чистов орта мектебін бітіріп шығысымен, Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, оны да ойдағыдай аяқтап шығады.

Зейнолла Молдахметұлы 1956-1959 жылдары Солтүстік-Қазақстан облысы, Булаев ауданының Чистов селосындағы орта мектепте физика пәнінің мұғалімі ретінде өзінің еңбек жолын бастайды.

«Ғылым – теңіз, білім – қайық» делінеді халқымыздың жақсы мәтелдерінің бірі. Оның таза ғылыммен айналысуға ансары ауады, бірақ, ол үшін сол кездегі Кеңес Одағының атакты институттарына немесе ЖОО-на аспирантураға түсу немесе тәжірибеден өту керек болатын.

Ұлкен ғылымға деген ұлкен құштарлық оны 1959 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу нәзік химия технологиясы институтының аспирантурасына түсуге алып келді. Ерекше атап өтуге тұратын тағы бір жайт, ол өзінің ғылыми зерттеулерінің негізгі бөлігін КСРО ҒА П.Лебедев атындағы физика институтында (ФИАН) жүргізді. Бұл институттың бірінші директоры – «Черенков сәулелендіруі» құбылысын алғаш ашушылардың бірі және осы институт қызметкері И.Таммен бірге кейін осы әсер үшін лайықты түрде Нобель сыйлығын алған П.Черенков пен И.Франктың ұстазы академик С.Вавилов болатын.

Кейінірек осындай озық «ғылыми эстафетаны» лайықты түрде қабылдап алған А.Прохоров, Н.Басов, В.Гинзбург, А.Абрикосов және А.Сахаров сияқты «фиандықтар» да осы бір өте беделді сыйлыққа ие болды.

ФИАН-ның 1934 жылы 28 сәуірде құрылған кезінен бастап, институтта С.Мандельштам мен Г.Ландсберг сияқты белгілі ғалымдар да жұмыс істеген еді. Олар да 1928 жылы Ч.Раманмен және К.Кришнанмен бір мезетте жарықтың комбинациялық шашырауы құбылы-

сын ашқандары үшін Нобель сыйлығын алған болатын. Жас аспирант Зейноллаға оның диссертациялық жұмысының өзегін құрайтын ғылыми-зерттеулерін дәл осындай озық «ғылыми орта» мен бағытта орындауға тура келді. Зерттеулер ФИАН қабырғасында осы саладағы белгілі ғалым, профессор М.Сушинскийдің ғылыми жетекшілігімен жүргізілді. Изденушінің алдына комбинациялық шашырау жиіліктерінің интенсификация мен жағдайына ангармонизмнің әсері сияқты сұрақты шешумен байланысқан, комбинациялық шашыраудың теориясы мен практикасының іргелі мәселелерін анықтау бойынша күрделі міндеттер қойылған еді. Кейінірек, алынған нәтижелердің жоғары маңыздылығы диссертациялық жұмыстың нәтижелері жарияланған кезде көрініс тапты және бұл осы зерттеу жұмыстарының маңызы мен деңгейін ФИАН ғылыми қауымдастығының да майындағанын көрсетті.

Зейнолла Молдахметұлының аспирантура оқыған жылдары, сол кездегі Мәскеу қаласының тыныс-тіршілігімен де тығыз байланысты болатын. Бұл – ФИАН-дағы С. Мандельштамның төрағалығымен жүргізілетін жалпымәскеулік ғылыми семинарлар, «Ядролық физиканың классикалық Аталарының бірі» және Нобель сыйлығының лауреаты Нильс Бормен кездесу мен кездесісөк автомобиль апатына ұшыраған академик Л.Ландаудың төсегінің жанында КСРО ҒА басқа да аспиранттарымен бірге кезекшілік ету сияқты оқиғаларға тығыз қаныққан толыққанды өмір еді.

Әріптестерімен ортақ қуаныш пен қиындықтарды бірге бөліскен өмірінің осы бір кезеңін Зейнолла Молдахметұлы ешқашан да ұмытқан емес. Сондықтан да, осы аспирантура оның аса жоғары деңгейдегі кәсіби және адами қалыптасуының шын мәніндегі мектебі болды.

Мәскеу қаласында кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін, ол С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде аға оқытушы қызметін атқарды. Бұл жерде де оның шығармашылық өсуі мен талантының ашылуына Қазақстанның сол кездегі белгілі ғалым-химиктері Б.Бірімжанов, Ә.Бектұров, Д.Сокольников, А.Шәріпқанов, Т.Шомбалов, М.Козловский, О.Сонгина, М.Усановичтермен және тағы басқалармен қоян-қолтық араласуы да өзінің оң әсерін тигізді.

Ақын Иса Байзақовтан қалған аталы сөздердің бірі:

«Ер туып, жоқ елді бар қыл алмайды, Ер болса ер туғызбай тұра алмайды» деген сияқты да даналық айтылған. Міне осындай еліміз тудырған ердің бірі, ірі тұлғалы академик Е.Бөкетов болатын. Тағдырдың жазуымен оның Евней Бөкетов сынды дара дарынмен кездесуі, ҚазКСР ҒА Химия-металлургия институтындағы ортақ жұмыстары жас ғалымның шығармашылық және ұйымдастырушылық талантын кеңінен ашты. Ол 1963 жылы ХМИ құрылымында ең алғашқы Спектроскопия зертханасын ұйымдастырды.

Ұстазы мен шәкірті бір-бірімен сөзсіз-ақ ұғысатын.

Негізінде Зейнолла Молдахметұлы – бақытты адам. Ол – бүкіл Қазақстанға белгілі екі ерен тұлғаның батасын бірден алған сирек жандардың бірі. Біріншісі, академик Евней Бөкетовтің Зекеңді хакім Абайдың әкесі – Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болған шыңжыр балақ, шұбар төс Құнанбай Өскенбайұлымен салыстыра отырып: «Ол ма, ол – Құнанбай, ол – психолог» деуі де тегін болмаса керек. Қазақстан халқына кеңінен белгілі ғұлама ғалымнан осындай баға алу кез келгеннің маңдайына сия бермейтін сыйлық емес пе?! Е.Бөкетовтің мезгілсіз қазасынан кейін, Қарағанды университетіне оның тұңғыш ректорының есімін беру мәселесінде Зейнолла Молдахметұлы ғана жоғары үкіметтік деңгейде шеше алғаны да ерекше атап өткеніміз жөн болар.

Докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін ҚарМУ-да ғылыми жұмыстар бойынша проректор болған кезінде, университетте орындалып жатқан ғылыми-зерттеулер жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Университеттің КСРО-ның жетекші ғылыми орталықтары мен ЖОО-мен байланыстары тереңдей түсті.

Сондықтан болар, 1975 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтына (ҚазХТИ) ректор болып, ҚазКСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің жолдамасымен З.Молдахметов сайланды. Осы оқу орнында оның іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті барлық қырынан көрініп, нәтиже-



сінде халық шаруашылығының көптеген салалары үшін білікті мамандарды сапалы дайындауға, оқу процесінің өндіріспен байланысының күшеюіне, сонымен қатар ҚазХТИ-дың материалдық-техникалық базасының нығайтуына да әсерін тигізді. Институт 1979 жылы Қазақстан ЖОО арасындағы социалистік жарыста бірінші орын алғаны үшін ҚазКСР Жоғары білім және орта арнаулы білім министрлігі мен Қазсовпрофтың Құрмет грамотасымен марапатталды.

ҚазХТИ-да ректор болған жылдары ол 1979 жылдың күзінде Шымкент қаласында республикамызда тұңғыш рет, қатысушылар қатарында Н.Соколов пен И.Каплан сияқты кванттық химияның корифейлері бар кванттық химия саласындағы конференция ұйымдастырды. Бұл тағы да жас ректордың ғылыми және ұйымдастырушылық беделі өскенінің куәсі болып, еліміздің ірі ғалымдарының оның жетістіктерін мойындағанын көрсетті.

З.Молдахметов 1984 жылы ҚарМУ-де Қазақстандағы тұңғыш және КСРО-ғы Ленинград мемлекеттік университетінен кейін екінші орындағы (академик Фоктың мектебі) кванттық химия кафедрасын ашты. Бұл ғылыми-зерттеулердің жемісті кезеңдері болатын. Шын мәнінде ол Қазақстанға осы күнге дейін белгісіз болып келген ғылым – кванттық химияны әкеліп, оның тұсауын кесті. Бүгіндері ол – біздің республикамыздағы қарыштап дамыған ғылыми мектептердің бірі.

Өмірлік тәжірибесі кемелденген З.Молдахметов 1988 жылы ҚазКСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің басшылығын қолына алды. Еліміздің экономикасындағы күрделі жағдайларға қарамастан, ол академик Қ.Сәтбаевтың Орталық Қазақстанда бірқатар академиялық ғылыми мекемелер ашу сияқты арманын іс жүзінде жүзеге асырды. Нәтижесінде Қарағанды қаласында: Жер қойнауын кешенді игеру мәселелері (ЖҚКМ, 1991 ж.), Нарықтық қатынастар (1993 ж.) және Фитохимия (1995 ж.) академиялық институттары құрылды. ҚазКСР ҒА ОҚБ құрамына бұрын республикамыздың Денсаулық сақтау министрлігінің құрылымында болып келген Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар институты да ауыстырылды. Зейнолла Молдахметұлының назарынан ЖОО-ның ғылыми да тыс қалмады. ҚазКСР ҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің ғылыми жәрдемі мен қолдауының арқасында, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің, Қарағанды политехникалық институтының, Қарағанды мемлекеттік медицина институтының, КСРО Орталық Тұтынушылар одағының Қарағанды кооператив институты және КСРО ИМ Қарағанды жоғары милиция мектебінің ғалымдары іргелі және қолданбалы сипаттағы кең көлемді ғылыми-зерттеулер жүргізді. ЖОО-ның сол кезіндегі және кейінірек тағайындалған ректорлары (Т.Әбдіразақов, Г.Пивень, Ж.Ақылбаев, М.Әлиқаров, Е.Аймағамбетов, И. Құлмағамбетов, Е.Көбеев, А.Ғазалиев, Р.Досмағамбетова, Ж.Кенжетаяев, Н.Дулатбеков және т.б.) ғылымның жүйелі дамуының нақты құралына айналған, Орталық Қазақстанның академиялық ғылымының осы ұйымдастырушы ядросымен белсенді жұмыс істеді. Академик З.Молдахметов ОҚБ ғалымдарының барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге асқан шеберлікпен жұмылдыра білді. Институттар базасында техникалық, химиялық, медициналық және эко-

номикалық ғылымдардан кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау бойынша мамандандырылған кеңестер құрылды.

ЖҚКМ институтын Зейнолла Молдахметұлының тау-кен ғылымы мен білімінің патриархы, Социалистік Еңбек Ері, академик Ә.Сағинов үшін арнайы ашқанын және Әбілқас Сағындылының осы мекемені өз өмірінің соңғы күндеріне дейін басқарғанын да біреу білер, біреу

білімінің ұйымдастырушыларының тұтас бір шоғырын тәрбиелеп, қанаттарын бекітіп, ұяларынан ұшырып шығарды.

Оған дәлел ретінде, тек қарағандылық химик-ғалымдар мектебінің түлектері, ҚР ҰҒА академигі А.Ғазалиев, С.Әлекенов, С.Фазылов пен Б.Төлеуовтің (осы жолдардың авторы) және т.б. есімдерін келтірудің өзі де жеткілікті сияқты.

З.Молдахметов жүргізген ғылыми-зерттеу нәтижелері әлі күнге дейін ғылыми қауымдастықтың үлкен қызығушылығын тудыруда. Олар әлемдік ғылыми форумдарда баяндалып және талқыланып келеді, олармен алыс және жақын шетелдік журналдардан таныса және табыса аламыз. Ғылым жолында алынған үлкенді-кішілі жетістіктер тек қана Қазақстанның және ТМД-ның басқа да республикаларының жетекші ғылыми орталықтарымен, алыс шет елдердегі әріптестермен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы институттары мен Республика ЖОО-да табысты жұмыс істеп жүрген ғалымдардың үлкен тобымен үнемі жүргізіліп отырған шығармашылық байланыс пен ғылыми қатынастардың арқасында ғана жүзеге асты.

Академик З.Молдахметов 10 ғылым докторы мен 31 ғылым кандидатын дайындап шығарған, 500-ге жуық ғылыми еңбектің, оның ішінде 12 Қазақстан Республикасының патенті, 13 монография мен оқулығының авторы ретінде танылған Ұлағатты ұстаз, Ғұлама ғалым.

Республика ғылымы мен білімі саласындағы жемісті қызметі және жоғары білікті мамандар даярлаудағы сіңірген еңбегі үшін З.Молдахметұлы Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», «Парасат», II дәрежелі Достық ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Астана» медалдарымен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Білімнің дамуына сіңірген еңбегі үшін» алтын Платон медалымен, Ресей ұлттық қорының «Қоғамдық мойындау» Алтын Құрмет белгісімен, Заманауи Гуманитарлық Академияның «Білім мен әділдік рыцары» орденімен, Оксфорд университетінің (Ұлыбритания) білім беру қызметтерінде еуропалық стандарттарға сәйкес жоғары сапаға («Еуропалық сапа») жетуге ұмтылғаны үшін, еуропалық интеграцияны («Біріккен Еуропа») дамытуға қосқан жеке үлесі үшін халықаралық марапаттарымен, бірқатар министрліктердің, партия мен кеңес органдарының, ғылыми және қоғамдық ұйымдарының грамоталарымен марапатталды.

Академик Қ.Сәтбаевтың ізін қуған замандасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, химия ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттану академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының Құрметті академигі, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының Құрметті азаматы, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, академик Қ.Сәтбаев атындағы және академик Е.Бөкетов атындағы сыйлықтардың лауреаты, ҚР Орғаникалық синтез және көмір химиясы институтының директоры Зейнолла Молдахметов ғылыми-техникалық прогресс ісіне қолма қол қосқан, ой-өрісінің кеңдігі мен кемелдігімен және инновациялық ойлаумен ерекшеленген, әрбір істің болашағы мен түбін көре білетіні, қойылған мақсатқа жетудегі жүйелілігі мен табандылығының арқасында еліміздегі физикалық және кванттық химия саласының аса көрнекті ғалымы және көшбасшысы болып табылады.

«Жеттім деген – жығылады, Толдым деген – тоғіледі» – деген еді кешегі күні ұлы классигіміз Мұхтар Әуезов. Академик Зейнолла Молдахметов бүгіндері де күш-қайратқа толы және барлық жігерін өзінің сүйікті ісі – ғылымның жоғары идеяларына қызмет етуді жалғастыру үшін жұмсауда.

Мақаламыздың соңын халқымыздың XX ғасырдағы дара дарындарының бірі, бірі емес, бірегейі академик Евней Бөкетовтің: «Парасаттылық, шарапаттылық, инабаттылық, кеңдік, адалдық, ғылымда істеген әрбір адамға лайық қасиет, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары – арқашан ғылым адамдары», – деген жүрекжарды сөздерімен аяқтағым келеді. Қарап отырсам, ұлы абыз ғалымның тізіп өткен қасиеттердің бәрі де Зейнолла Молдахметов ағамыздың бойынан табылып тұр.

Сондықтан да, оны кешегі күннің де, бүгінгінің де уақыт таразысының өзі әділ сараптаған есімі – «Сарыарқа ғылымы мен білімінің көшбасшысы» сияқты халықтың өзі берген Ұлы атақтың лайықты иегері деп есептейміз!

**Бораш ТӨЛЕУОВ,**  
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, академик Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты

• ТАҒЫМ

# Шопекеңнің сәулесі сөнбейді

Биыл Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, өңірдің өркендеуі мен Бұқар баба есімін қалың бұқараға танытуда көп еңбек сіңірген марқұм Шопанай Әмірхановтың туғанына 100 жыл толады. Осыған орай жуырда Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінде «Сәулесі сөнбеген Шопанай ата» атты еске алу кеші өтті.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шопанай Әмірханов – 1923 жылдың 19 желтоқсанында осы ауданның Үлгі ауылында дүниеге келген. Жастай әке-шешеден жетім қалған оны ағайын-туғандары, нағашысы Аяпберген тәрбиелеп өсіреді. 7-сыныпты бітірісімен Қарағанды қаласындағы ФЗО мектебіне оқуға түсіп, одан кейін шахтада жұмыс істеп жүрген Шопанай Ұлы Отан соғысы басталғанда 18 жасқа әлі тола қоймаған еді. Сонда да майданға неше рет сұранып, ақыры Отан қорғауға аттанады.

Басқыншы жаумен жан аямай шайқасып, «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Ерлігі үшін» медалі, тағы басқа марапаттарға ие болады. Жараланып, госпитальға түсіп, 1946 жылы әскери қызметтен босап, елге оралады. 1960 жылы Шопанай Әмірханов Қылыш Бабаев атындағы колхоздың төрағасы болып сайланады. Келесі 1961 жылдың 15 наурызында Қазақ КСР ауыл шаруашылық мини-



стринің бұйрығымен Бабаев пен «Үлгі» колхоздарының негізінде Қылыш Бабаев атындағы кеңшар құрылып, оның тұңғыш директоры болып Шопекең тағайындалады.

Аталған шаруашылықты басқарған бір-екі жылдың ішінде егіс көлемі 10 мың гектарға, ірі қара саны 3500-ге, жылқы 800 басқа, қой саны 12 мыңға жеткен. Жаңа техникалар сатып алынып, көптеген мәдени-тұрмыстық ны-

сан салынып, ел еңсесі тіктелген. Бұдан соң ол қашан зейнетке шыққанша аудандық дайындау мекемесінде инспектор болып, Ботақара кентінде тұрды. Сөйтсе

қоғам қайраткерлері, депутаттар Қуаныш Сұлтанов, Қаратай Тұрысқармен кездесіп, Елбасыға дейін хат жолдап, дамып таппайды. Соның нәтижесінде, Бұқар жыраудың басына кесене тұрғызылып, 1993 жылдың 23-24 тамызында көмекей әулие бабамыздың мерейтойы оның құт қонысы Далба тауының етегінде республикалық деңгейде аталып өтті. Сол жылдың 11 қарашасында бұл фәниден бақиға аттанып кете барды. Соңында екі ұлы Төлеу мен Еркін, немерелері, өзін тірісінде сыйлап, қадір тұтқан қара ормандай халқы, жақсы аты қалды. Міне, сол күнгі еске алу кешінің де солай аталуы да осыдан шығар. Иә, Шопекең сәулесі сөнбек емес!

Аудандық Мәдениет үйіне келген көпшілік аудандық мұрағат бөлімі ұйымдастырып, фойеге қойылған Шопекең арналған көрмен танысып, ол туралы көптеген мағлұматтар алады. Енді, келесі кезекте кештің бағдарламасы сахна төріне ауысып, Шопекең осы мұралары мен жәдігерлерін тапсыру рәсімінің тұсаукесері жасалды. Онда аудандық мұрағат басшысы Дана Шиббаева екі тарап та қол қойған қабылдау актісін Шопекеңнің екінші ұлы Еркінге тапсырды.

## Бұқар жырау ауданы

даларға күніне екі рет көлемді іс-шара өткізіледі.

Сонымен қатар, балалар тауға шығып, жасыл жайлауда, табиғат аясында демалады. Саяхаттың бір түрі – кешке өздерімен бірге күрке алып, от жағып, картоп пісіріп, от маңайында гитарамен ән айтып, әңгіме құрып, қона жа-тады.

Тағы бір айта кететін шара – балық аулау. Бұл, әсіресе, ер балалар үшін таптырмас ермек. Кішкентай көлшікте «Балық аулау» сайысы өтеді. Көп балық ұстаған балаға сыйлық беріледі. Өздері аулаған балықты аспаздар пісіріп береді.

Жаңбырлы күні балалар клуб ішінде кино көреді. «Би кешінің» өзі ерекше өтеді. Бір күн «80-90 жылғы» уақыттарға сәйкес киіну болса, «пижама» күні барлық бала пижамамен келеді. «Қыз-ғылт» түс күні барлық бала қыз-ғылт түсті киім киіп келеді. «Сурет» күні әр бала денесіне сурет салып келеді.

Осылайша лагерьдегі демалыс балалар үшін қызықты өтуде. Баланың маз-мейрам болғанын көру, оларға қуаныш сыйлау – үлкендер үшін де бір қуаныш.

**Жұпар ЖҰМАҒАЗИНА,  
Меруерт АШЫҚБАЕВА,  
Озипа САМЕНБАЕВА,  
Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының тәрбиешілері**

• ЖАЗ ҚЫЗЫҚТАРЫ

# Балаға қуаныш сыйлау – бақыт

Жаз – барлық баланың асыға күтетін мезгілі. Өйткені, жаздың әр күні балғындар үшін қуаныш пен шаттыққа толы мереке. Оқу жылы аяқталған соң балалардың жазғы демалысы лагерьлерде өтеді. Қарағандыдағы Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері де Оскаров ауданы «Есіл» балалар сауықтыру лагерінде қызыққа толы жазғы демалысын өткізуде.

Сауықтыру лагері орналасқан жердің табиғаты тамаша. Балалар үйінен барған сегіз топ осы әдемі мекенде орналасқан жеке жер үйлерде лагерь мерзімі аяқталған-

ша тұрып жатыр. Лагерьдің ашылу салтанаты ерекше өтті. Әрбір топ өз өнерін көрсетті, ән айтып, би биледі. Күлкі-сықақ көріністер ұйымда-

стырылды. Сегіз топтың әрқайсысының өз ұраны, әні, туы болады. Лагерьде күнделікті жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар өткізіледі. Балалар үшін арнайы клуб бар, онда әркім өз қалауынша «Қолөнер», «Сурет салу», «Вокал», «Би» үйірмелеріне қатысады. Футбол, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, лото ойындары күнделікті үйірме.

Сауықтыру лагерінде ба-



Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

**43-21-55**  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

|                    | 20 шілде | 21 шілде | 22 шілде |
|--------------------|----------|----------|----------|
| Қарағанды қаласы   | +27 +17  | +30 +17  | +31 +16  |
| Абай ауданы        | +28 +16  | +30 +15  | +31 +15  |
| Ақтоғай ауданы     | +28 +16  | +29 +17  | +31 +16  |
| Бұқар жырау ауданы | +26 +16  | +29 +16  | +30 +15  |
| Қарқаралы ауданы   | +27 +16  | +28 +17  | +30 +16  |
| Нұра ауданы        | +28 +16  | +30 +16  | +30 +17  |
| Осакаров ауданы    | +27 +17  | +28 +17  | +30 +16  |
| Шет ауданы         | +28 +16  | +29 +15  | +31 +15  |

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Академик Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектері бакалаврият пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек нарығын дамыту», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантка түсу үшін – ҚарҰ коды – 031; Мем.лицензия: КЗ83ЛА00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz №409

## Еске алу

Аяулы бауыр, әулетіміздің тұңғыш ұлы Даниял Мақанұлы Әмірбаев көзі тірі болса, 20 шілдеде 70 жасқа толар еді... Сұм ажал ортамыздан алып кеткеніне 15 жыл толып отыр. Біреуімізге бауыр, біреуімізге аға болған туысымызды сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жаның жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.



Бәйтеректей әулетке сая болған, Бәрінен де мейірімін аямаған. Жәннатта жаның болсын, рухың биік, Өзіндей қайда бізге аяулы адам.

Еске алушылар: Әпкесі, іні-қарындастары, келіндері, күйеубалалары.

№417

## Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2023 жылғы 1 жартыжылдықтағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

### 1 жартыжылдықтағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2023 жылғы 1 жартыжылдығында 4 аудиторлық іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік аудитпен 52 606 720,9 мың теңге қаражат көлемімен 13 объекті қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзуы 2 391 959,1 мың теңге (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 4,5%) анықталды. Оның 703 226,2 мың теңгесі қалпына келтіріліп өтелуге тиіс. Оның 673 246,6 мың теңгесі немесе 95,7% қалпына келтіріліп өтелді.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша: Аудиторлық объектілеріне – 3 аудиторлық қорытындысы және 9 нұсқамасы, 28 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 3 ұсынысы;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 59 аудит материалы, жалпы 10 007,5 мың теңге айыппұл сомасына 33 тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Тексеру комиссиясы ӘҚБтК-нің 234-1бабы және 462-бабының 3 бөлігі бойынша 4 әкімшілік материалы қозғалды, 4 адам жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік айыппұлдар сомасы 281,2 мың теңгені құрады.

Облыс бойынша Экономикалық тергеу департаментіне – сот үкімі шығарылған 1аудит материалы.

## Жария мүдделі ұйымдардың 2022 жылға арналған қаржылық есептілікті ұсыну қажеттілігі және бұзушылықтар анықталған жағдайда қабылданған шаралар туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының 28.02.2007 жылғы № 234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-бабына және «Қаржылық есептілік депозитарийін құру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.12.2008 жылғы № 1228 Қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оған қаржылық есептілікті ұсынатын жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийі құрылды. Депозитарий деген жыл сайын ұйымдар ұсынатын жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептерді, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты пайдаланушыларға ашық қолжетімділікпен қамтитын электрондық деректер базасы ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) веб-сайты).

Заңның 1-бабына сәйкес, жария мүдделі ұйымдар ол, қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар (коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда), жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруші ұйымдарды қоспағанда) және жарғылық капиталында мемлекет үлесі бар ұйымдар, сондай-ақ, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар. Қарағанды облысында депозитарийдің деректер базасында 294 жария мүдделі ұйымдар бар.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен бекітілген Депозитарийге қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларының 3 және 4 тармақтарына сәйкес, (бұдан әрі – Қағидалар), ұйымдар есепті кезең ішінде әрекетсіз және есепті кезеңнің 1 қаңтарына дейін банкрот деп жарияланғандарды қоспағанда) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей депозитарийдің интернет – ресурсы арқылы салалық заңнамда белгіленген тәртіппен бекітілген, депозитарийді жүргізу жөніндегі

қызметті жүзеге асыратын уәкілетті болып айқындалған ұйымға жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, аудит міндетті болып табылатын ұйымдар Портал арқылы Уәкілетті ұйымға қаржылық есептілікпен бірге «PDF (Portable Document Format) электрондық форматтағы аудиторлық есепті (сканерленген көшірме, қол қойылған және қағаз жеткізгіштегі аудиторлық ұйымның мөрмен (болған жағдайда) куәландырылған) Қағидалардың 8-тармағында белгіленген тәртіппен ұсынады.

2022 жылы Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) депозитарийге жылдық қаржылық есептілікті уақытылы ұсынбағаны үшін 25 жария мүдделі ұйымды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 239-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 8 882,7 мың теңгеге айыппұл салынды. Қаржылық есептіліктің міндетті аудитін жүргізуден жалтарғаны және депозитарийге аудиторлық есепті ұсынбағаны үшін 9 жария мүдделі ұйым Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 250-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып 382,9 мың теңгеге айыппұл салынды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Қарағанды облысындағы барлық жария мүдделі ұйымдарға 2023 жылдың 31 тамызына дейін Депозитарийге 2022 жылға арналған қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті ұсынуды естеріңізге саламыз.

**Б.Ж. АЛТЫНБЕКОВ,  
Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маман-мемлекеттік аудитору**

● БАЙҚАУ

# Түркияны тамсандырып қайтты

Қарағандылық Әнуар Берік Түркияның Стамбул қаласында өткен Халықаралық «Alash star» ән байқауында гран-при иеленді. Әлемдік деңгейдегі қазылар алқасы жас әншінің дауысына ғана емес, оның талғамына да жоғары баға берді. 7 күнге созылған ән байқауында Әнуар «Гүлстан – Қазақстан» әнін орындап, тыңдарманды таңқалдырды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Әнуар Берік осының алдында Астанада өткен «Қазақстан дауысы» балалар жобасына қатысып, 6000 үміткердің арасынан ақтық сынға шыққан. Елорда сахнасында «Джаз әлемі» және Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнін өзгеше стильде орындаған. Сол кездегі даңқы Түркияға жетіп, «Alash star» байқауына шақыртылған. Стамбулдағы өнер додасына дейін отандық эстраданың жұлдыздары – Жұбаныш Жексен, Толқын Забиров, Бағым Мұхитденовалардан тәлім алған.

Әнуар Берік – 14 жаста. Шахтинск қаласының тұрғыны. Ол 4-сыныптан ән айтады. Жанына рок, джаз стилі жақын. Бұған дейін республикалық деңгейдегі байқауларда жүлде алып, болашағынан үміт күттіретін дарын ретінде танылған. Түркиядан оралған соң Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков сый-құрмет көрсеткен. Әнінен бөлек, киноға да түсуге ынталы. Спортта да жетістіктері аз емес екен.

– Халықаралық байқауға бірінші рет қатысуым. Өте керемет әсер алдым. Бәрі жақсы өтті. Болашақта үлкен сахнаны бағындырғым келеді. Қазір жеке репертуарымда екі ән бар, – дейді Әнуар Берік.

Әнуарды ән үйірмесіне апарған анасы Әсем Бейсембекова. Әлі күнге дейін жанынан қалмай, баптап, бағыттап келеді.

– Әр байқауға барған сайын қобалжып, ерекше толқымын. Бағы да, бабы да қатар шапса деген тілегім бар. Балам үшін қуанамын, – дейді әншінің анасы.

Әнуардың арманы – асқақ. Әндер жазып, бейнебағын түсірсем дейді. Ересектер арасында өтетін «Қазақстан дауысында» бақ сынағысы келеді екен.

● КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС

# Шеге иген Байбек

24 жастағы Нұра ауданының тұрғыны Байбек Бауыржан 16 тонналық жүк көлігін сүйреп, қолымен жуан шегені иеді. Әп-сатте жалаң қолмен 200 шегені қалың тақтайға қағып, оларды тісімен суырады.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелде жеңіл көліктерді сүйреп бастаған Бауыржан ауыр жүк көліктерін де еңсерген. Бәрін өзі ауылда жүріп үйренген. Ол 5 жасынан гимнастикамен, 8 сыныпта ауыр атлетикамен айналыса бастайды.

– Шеге ию – өте ауыр. Көп жаттықтым. Бастапқыда бір, екі шегені ғана майыстырып, кейіннен санын көбейттім. Жарақат алған кездерім де болды. Бірақ, берілмедім. Ата-анам маған «Бұл спорт түрін қой» деп әлдеқашан айтқан. Бірақ, спорт – өмірімнің бөлшегі. Бұл маған қанмен келген деп ойлаймын. Өйткені, әкемінің ағайындары ірі салмақты бұқаларды көтеріп, көпті таң қалдырған, – дейді Байбек Бауыржан.

Болашақта жетістіктерін Гиннес рекордтар кітабына енгізу жоспарында. Қазір дайындық үстінде.

● ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

# «Бір өзі – бір театр»

мұражайға Қаллеки есімі қашан беріледі?

Дарындарды дүниеге әкеліп, апталдарды алақанынан ұшырған Ақжол ауылындағы сәулетті ғимараттың бірі – музей. Мәдени ошақ ұлы актер Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18 ақпан 1993 жылы №128 қаулысына сәйкес қыркүйек айында тарихи-өлкетану музейі ретінде ашылады. «Бір өзі – бір театр» атанған Қаллекидің еңбегін дәріптеу мақсатында жүзеге асқанымен, музейге есімі берілмеді.

Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашылғанына 30 жыл толған тарихи-өлкетану музейі екі қабатты, жалпы аумағы – 1,81 мың шаршы метр. Түрлі мазмұнды тарихи атау берілген бес зал бар. Экспонаттың негізгі қоры – 2336, қосымша қор – 326 болса, оның 137-сі – Қа-

дамға дейін келеді. Әрі музей қызметкерлері қордағы құнды жәдігерлерді жария ету, насихаттау, ұлықтау мақсатында жылжымалы экскурсиялар ұйымдастыруды үрдіске айналдырған.

– Музейдің негізгі бөлмесі – Қаллекидің өмір жолы мен шығармашылығына арналған. Сахнадағы серіктері мен ауылдастары, өнер зерттеушілері мен акын-жазушылардың естеліктері мен



екеуінің шай ішкен ыдыстары, әр кезде отбасымен, жерлестерімен түскен неше алуан суреттері бар. «Мұхтар Әуезовтен Шәкенге» деп жазылған, бастапқыда Шәкен Айманов, кейіннен Қаллеки ұстаған таяқ осында, – дейді музей қызметкері Жәнібек Жантурин.

Музей қорында Қаллекидің ерекше таланты мен кәсіби шеберлігі туралы жазбалар да жоқ емес. Жасынан ән-күй, ойын-сауық, той-тамашаға жаны құмар, думаншыл еді. Ол жалғыз өзі бірнеше адамның кейпіне түсіп, бір отырыста-ақ «екеудің таласын», «үшеудің керісін»,



либек Қуанышбаевқа тиесілі.

Сонымен қатар, музей залдарына ауылдан шыққан ұлы тұлғалардың фотосуреттері мен жәдігерлері топтастырылған.

Ауылдан шыққан төрт Кеңес Одағының батыры Мәртбек Мамырбаев, Петр Теряевтің, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Токтар Әубәкіровтің, Социалистік Еңбек Ері Нұрбақыт Кәбдікәрімова туралы құнды деректерді кездестіруге болады. Бұдан бөлек, өнер майталмандары Ракия Қойшыбаева, Мұрат Толыбаев, Рымкеш Омарханова, алғашқы ұстаз Әлібек Бүркітбаев хақында жәдігер бар.

Шағын ауылдың шырайын келтіріп отырған тарихи орынға жылына 500-600

фотосуреттері қойылған. Қаллекидің өзі оқыған Абай өлеңдерінің таспасы, 1940 жылы Абай бейнесін ойнағанда киген бешпенті, Сәбит Мұқановтың Қаллекидің 60 жылдық мерейтойында иығына жапқан шапаны, демалғанда әркез шертетін домбырасы, бәйбішесі Қазия апамыз



● ФЕСТИВАЛЬ

# «Мейірім фестиваліне» шақырады

23 шілдеде Қарағандының Орталық саябағында үй жануарларына арналған «Доброфест» фестивалі өтеді. Мұндай шара кешілер шаһарында тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Фестиваль pet-friendly форматына иегізделген. Қазақшасы – «Мейірімді үй жануары». Бұл формат дамыған елдерде кеңінен тараған және мәдениет ретінде қабылданады. Осы мәдениетті ұстанушылар үй жануарына қолайлы орта жасауды мақсат тұтады. Яғни, ит жетектеген адам дүкенге, қоғамдық көлікке емін-еркін кіріп, қоғамдық орындарда қысылмай жүруі тиіс.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальге зоокорғаушылар, ветеринарлық клиникалардың, канистерапия мектебінің өкілдері қатысады. Сонымен қатар, облыстың полиция департаменті кинологиялық қызмет орталығының кинологтары иісіл иттерімен келеді. Ме-

йірім көрсетсең, адал досыңа айналатын үй жануарларына назар аударға үндейтін фестивалді ұйымдастырушы – Қарағанды жастар ресурстық орталығы мен қалалық ішкі саясат бөлімі.

– Алматыда мұндай фестиваль жыл сайын өтеді. Облысымыздағы үй жануарларына жауапкершілікпен, махаббатпен, мейіріммен қарайтын әр азаматты осы жерге жинағымыз келді, – дейді Қараған-

дыдағы «Котокафенің» басшысы және жануарларға жауапты қарау бойынша қоғамдық инспектор Инна Радченко.

«бесеудің жанжалын» орындап, тыңдаушы көпшілікті күлкіге кенелтетін дарынды өнерпаз ретінде елге танылған. 1914 жылы маусым айының басында атақты Қоянды жәрмеңкесінде Жынды Омар екеуі алғаш өнер көрсетеді. 1916 жылы патша жарлығымен Белоруссиядағы тылдағы жұмысқа әскерге алынады. 1917-1920 жылдар аралығында Омбы қаласында былғары зауытында ат айдаушы-көшір болады. Осында атақты палуан Қажымұқанмен танысады. 1922-1924 жылдары Автономияның 1 жылдық тойында 8-ші Ғаббас, Жынды Омар, Зәрубай, Ахметтермен бірге Қояндыда өнер көрсетіп жүріп, Мұхтар Әуезовпен танысады. 1925 жылы қыркүйекте «Еңбекші қазақ» газетінде бір топ өнерпаздармен қатар Қалибекті театрға шақырған хабарландыру басылады. 1926 жылы 13 қаңтарда Қазақ театрының шымылдығы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» қойылымымен ашылады. Онда Қаллеки Қарамендені рөлін ойнайды. 1934 жылы «Қазақ ССР-ның Еңбек сіңірген артисі» атағы беріледі.

Жалпылама ел арасында «Қалибек Қуанышбаев музейі» дегенді жиі естиміз. Қарқаралыға ат басын бұрған өнер адамдары «Қаллекидің музейіне барсақ» деген тілегін білдіріп жатады. Дегенмен, ауызекі тілде «Қалибек Қуанышбаев музейі» атанып кеткенімен, ресми атау арада 30 жыл өтсе де, әлі берілген жоқ. Ең өкініштісі де сонда.

Қарқаралы ауданы

● ҰЛТТЫҚ ЖЕКПЕ-ЖЕК

# Чемпионат жалауы желбіреді

Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің 2023 жылғы жоспарына сай Теміртауда жастар арасында ұлттық жекпе-жекпен Қазақстан чемпионаты басталды.

Аталған чемпионат 19 шілдеден 23 шілдеге дейін жалғасады. Алдымен, Мандат комиссиясы, салмақ өлшеу рәсімі, төрешілер семинары, жеребе тарту және іріктеу жарыстары өтеді.

Спорт сынының соңғы күндері жартылай ақтық жарыс және ақтық сайыс жоспарланған.

– 18-23 жас арасындағы спортшылар қатысып жатқан жарыста облыстың намысын түрлі салмақта қыздар мен ұлдарды қосқанда 40-қа жуық жекпе-жекші қорғайды. Жеңістен, медальдан үміттіміз, – дейді облыстық жекпе-жек федерациясының басшысы Әділет Нұрмадиев.

● ФУТБОЛ

# Келісімшартқа қол қойды

Еуропа алаңдарында доп тепкен тәжірибелі қазақстандық футболшы Геворг Наджарян Қазақстан Премьер-Лигасының «Атырау» клубымен келісімшартқа қол қойды.



Геворг Наджарян – бірнеше дүркін ел чемпионатын жеңген қарағандылық «Шахтер» клубының тәрбиеленушісі. Талантты жартылай қорғаушы «Астана» мен армяның «Пюник» және «Ван» командалары сапында алаңда өнер көрсеткен.

Ал, Қазақстан Премьер-Лигасында барлығы 101 матчта алаңға шығып, 4 гол соғып, 4 голдың қарсыластар қақпасына дәл кіруіне жағдай жасаған. Осылайша, «Шахтер» клубы легионер дайындайтын ұстахана екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

● БӘЙГЕ

# Тұлпар ТҰЯҒЫНЫҢ ДҮБІРІ

«Қоянды жәрмеңкесінің – 175», «Астана қаласының – 25» жылдық мерейтойына орай Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласында тай, құнан және аламан бәйге өтті.

Тай жарыста I орын Қ.Аманжолов ауылы Дулат Махадилтовтің, II, III орындар Сарыобалы ауылы Ғазиз Күрсенов пен Антандил Әскеровтің тайына бұйырды.

Құнан жарыста I орынды Қарабұлақ ауылы Берік Оралдың, II орынды Бакты ауылы Серғазы Сүйтітіннің, III орынды Бүркітті ауылы Санжар Жақыптың құнаны жеңіп алды.

Аламан бәйгеде I орын Жаңанегіз ауылы Бекзат Уахиттың, II орын Қ.Аманжолов ауылы Талғар Максұтовтың, III орын Бүркітті ауылы Санжар Жақыптың тұлпарына бұйырды.

Дайындаған  
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Арағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**

Бас редактор –  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары м.а. –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,  
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 463  
№79 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**